

Әбу Насыр әл Фараби:
Бақыттың мәні – парасаттылықта!

ҰЛАҒАТ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.

ҚЫРКҮЙЕК

5

СЕНТЯБРЬ

ҚАЗАН

2014

ОКТАБРЬ

Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

**Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА,
Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ,
Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали
НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила
НАМАЗБАЕВА, Сақынжамал ҰЗАҚБАЕВА.**

МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Алланың әмірі болған соң, сабырлық қылған жән шығар

	Көңіл айтулар.....	3
Ғылым ғаламында		
Н.Н.БОЛҒАНБАЕВ.	Нәтижеге бағдарланған білім беру моделі және мұғалім шығармашылығы.....	15
Педагог пайымы		
Гүлжан КЕНЖЕБАЙ. Гуля ТӨРЕБЕРГЕНОВА.	Шетел тіліндегі аударманың рөлі «Поэзия – мен үшін жанымның шырылы».....	25 30
Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе		
Маржан МҰХТАРҚЫЗЫ. Галина КАРМЕНОВА.	Кітап..... Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырудың тиімді жолдары.....	39 47
Ұлттық ұлағат		
Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.	Қазақ халық педагогикасының өзіне тән кейбір ерекшеліктері.....	58
Бір мектеп-интернаттың тәлім-тәрбие		
Гүлмира ҮСПҖЖАНҚЫЗЫ. Гүлмира АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.	Қыздар – біздің гүліміз..... Қыз балаға жарасар, бойындағы өнері.....	68 74
«Сүйер ұлың болса – сен сүй, Сүйінерге жарар ол»		
Рысжан ҚАРАҒҰЛОВА. Асыл ТӨРЕМҰРАТОВА.	Абайды тану – бір ұлтты тану..... Қамқоры ұл-қыздың, Мұғалім ол біздің.....	85 87
Балабақша бағында		
Бақытнұр НҰРБАЕВА.	Жасыл шырыша шақырады.....	89
Точка зрения		
Айжан ТОКСАМБАЕВА.	Аль-Фараби.....	95
Вопросы высшей школы		
Евгений КАЗАРОВ. Владимир ЧЕРНОВ.	Введение кредитной технологии обучения: проблемы и перспективы..... Креативная активность развивающихся курсантов.....	98 108
Педагогический опыт наставника		
Константин ФЕДОСЕНКО. Даурен ИСИНГАРИН.	Развитие познавательной активности будущих офицеров..... Актуальные требования к качеству подготовки военных кадров.....	123 131

Алланың әмірі болған соң, сабырлық қылған жән шығар

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАМҚОРЫ

Қазақтың асыл азаматы, дарынды ақын, журналист, баспагер Зернебек Шілдебайұлының тосын қазасы Қазақстан Республикасының ұлттық журналистикасы үшін, қазақ әдебиеті мен мәдениеті үшін, ұлттық білім беру жүйесі үшін және ол кісіні жақсы білген барша қауым үшін орны толмас ауыр қайғы болды.

Зернебек Шілдебайұлы – туған халқын, ана тілін шексіз сүйетін отаншыл, ұлтжанды ұлағатты Тұлға еді. Өзінің саналы ғұмырында қазақ тілі, қазақ халқы, Қазақстанның Тәуелсіздігі, ұлттың ұрпағы, жас ұрпақтың сапалы білімі, парасатты тәрбиесі жолында тынымсыз еңбектенді. Туған халқының тағдырына қатысты осы биік құндылықтар қай салада жүрсе де оның жүрегін тербеді, қаламына қуат берді.

Зекең мектепте мұғалім, «Білім» қоғамында жауапты хатшы, «Мектеп» баспасында редактор, аға редактор, Алматы облыстық «Жетісу» газетінде тілші, «Қазақстан мектебі» журналында ғылыми редактор, бөлім редакторы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры қызметтерін абыроймен атқара жүріп, қашан да өзінің өмірлік ұстанымына адал болды, жоғары адамгершілігіне, асқақ азаматтығына шаң жуытпады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» журналдарының ішкі мазмұнына талапшылдықпен қарай отыра, әрбір журналдың мұқабасын қазақ халқының біртуар асыл перзенттерінің, ұлы Тұлғаларының үлгі-өнегесін дәріптеуге, насихаттауға пайдаланды. Олардың әрқайсысына өзінің жүрекжарды жырын арнады.

«Ақша, атақ жолында адам күллі есін
Жоғалтумен азапты өмір сүрмесін!
Бәрімізді Мемлекеттік тілімнің
Қасиетті киесі ұрып жүрмесін!..», - дер жырлаған Зернебек Шілдебайұлы қазақ тілінің шынайы жанашыры, қажырлы қамқоры еді.

Жыл сайын Білім және ғылым министрлігі өткізетін мектеп оқушыларының республикалық Абай оқуларына, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің конференцияларына, семинар-кеңестеріне үзбей қатысып, жоғары деңгейде өткізілуіне өзіндік үлес қосып отыратын.

Ауырып жүргеніне қарамастан, осы жылғы мамыр айында Таразда өткен қазақ тілі мұғалімдерінің Республикалық кеңесіне, Жидебайда өткен XV Абай оқуларына ақырғы рет қатысып, үздік мұғалімдер мен талантты оқушыларға журналының арнайы сыйлықтарын тапсырып, бізбен мәңгіге қоштасқан екен.

Хош болыңыз, қазақтың біртуар перзенті, ана тілінің жалынды жыршысы – ардақты Зеке!

Сіздің мейірбан, жарқын жүзіңіз, «елім, жерім, тілім», - деп соққан үлкен жүрегіңіз, имандылықпен өрілген өрелі жырларыңыз, ерен еңбегіңіз халықтың есінде сақталады.

Аяулы Зекеңмен кинала қоштаса отырып, марқұмның отбасына, туған-туыстарына, дос-жарандарына қайғырып көңіл айтамын.

Зернебек Шілдебайұлының жаны жаннатта, иманы салауат болсын!

Роза БАТТАЛ,

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің Бас сарапшысы.**

МҰРА ЕТІП ҚАЛДЫРДЫҢ КІСІЛІКТІ

Қайран Зекем! Мен білетін қылшылдаған қырықыңызды, ел ағасы елуіңізді, асқаралы алпысыңызды қазақ тілінің қасиетін қастерлеумен өткіздіңіз. Сонау нарық қысқан жылдары өзіңізбен тағдырлас «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын бауырыңызға басып, қорғап қалған табандылығыңызды қалың оқырманыңыз ұмыта қоймас. Биліктен үмітіңіз үзілген шақтарда журналыңызды жеке қорғадыңыз. Қорғап қана қоймай, оның ғылыми-педагогикалық деңгейін Ғылыми кеңестер мойындайтын дәрежеге жеткіздіңіз. Қазіргі филология, педагогика ғылымдарының докторлары мен кандидаттарының түгелге жуығы алдымен Сіздің сараптамаңыздан өтті десем, артық айтпаған болар едім. Солардың бәріне шын жүрегіңізбен ақжол тілейтінсіз. Ақындық жүрегіңізбен қолдау көрсететінсіз. Осыдан болар-ау, бір өлеңіңізде *...Бәріне өзін жауапты сезінеді, Менің мынау жүрегім жұдырықтай,-* депсіз. Үлкенге деген құрметіңіздің, кішіге деген ізетіңіздің өміріңіздің соңғы күніне дейін бәсеңдемеуі де сол жүрегіңіздің пәктігінен ғой. Шексіз сапарға қоштаспай аттануыңыздың өзі де сол жүрегіңізге түскен салмақтың ауырлығынан ба екен?! Әлде біз байқамаған шығармыз. Бір өлеңіңізде *Бір қалыпты соқпайды бұрынғыдай жүрегім // Бәлкім, ерте тоқпайды, соны ойлап жүдедім,-* дегеніңізді ескермегенімізге өкінеміз. Мүмкін, бұл ақындығыңыздан адамгершілігіңіздің жоғары екендігіне мойынсұнғандықтан болар. Мүмкін, бұл үнемі күлімдеп тұратын келбетіңізден басқа қалпыңызды көрмегендіктен болар. Ширек ғасыр жаныңызда жүріп біреуге ренжіп, ауыр сөз айтқаныңызды байқамаппын. «Кемшілік бәрімізде бар» деген ұстанымыңыздан жаңылмадыңыз. Бұның бәрі айналаңызда алқа топ құрып жүретін інілеріңіз бен достарыңыз үшін тәлім-тәрбие

екенін енді білдік. Әйтпесе, *...Заңын осы өмірдің түсінбедім, шапағатым тигендер сырт айналды,-* деп күйзелмес едіңіз ғой. Соңғы кездері «Ұлылар ұлағаты» айдарымен толғаулар жазып, ұрпағымыздың бабалар тағылымынан үлгі алуын армандадыңыз. Әр келгеніміз сайын Асанқайғыға, Қорқыт атаға, Махамбетке арнаған толғауларыңызды шабыттана оқитынсыз. Журналыңызда оқырмандарыңызға ұлы тұлғалардың өмірін өз қолтаңбаңызбен үлгі етуден танбадыңыз. Осы арқылы өз өміріңіздің де өзгелерге үлгі болғанын байқамаған да шығарсыз, жан аға! Соңында өзіңіз *Жұлып берер жарымсың өзегімді,-* деп бағалаған Бәтима әпкеміз, *Дүниеге шыр етіп сен келгенде, Жырға толып кетті зой кеудем демде,-* деп қуанған Зерделі мен *Арманым сол – ортаңа сыйлы болсаң, ән салады кеудемнің ет-жүрегі,-* деп шаттанған Ғанидай ұлдарыңыз барда тіршіліктегі сапарыңыздың аяқталуы мүмкін емес. Қазақ деген қалың оқырманыңыз барда өзіңізге деген сағыныштың да шексіз екендігі рас. Қоштаспай кетті дегеніміз болмаса, соңғы сөзіңізді *...Мен де өтермін, бірақ та артқыларға// Мұра етіп қалдырам кісілікті,* - деп бір өлеңіңізде айтып та қойған екенсіз, бауырым. Кісілігіңіздің ұрпақтан ұрпаққа өнеге болатынына сенеміз, абзал аға, асыл дос!

Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

ХАЛЫҚТЫҢ АЗАМАТЫ ЕДІ

«Жазмыштан озмыш жоқ», – дейді халық даналығы. Мейірімсіз ажал туралы суық хабарды естігенде, тағы да «бүгін барсың, ертең жоқ» деген қазақи қарапайым философиялық тұжырымды ойлап, өмірдің бейопа екендігін аңғарасың.

Әрине, кеше ғана сау-саламат жүрген адам аяқ астынан өмірден озғанына қарап, адам баласы ғұмырының соншама қысқалығы есіңе түседі. Мұны арабтар, діндарлар «тағдырулла» (алланың берген тағдыры) дейді. Расында солай. Болмаса кеше ғана арамызда жүрген еді, бүгін жоқ. Түс көргендей күй кешесің. Марқұмның бейнесі, өзің білетін оның ғұмыр тарихының белестері, мінез-құлық, адами игі қасиеттері көз алдыңнан өтеді. Өлді деуге де қимайсың...

Зернеш-Зернебек жақсы азамат еді. Ақкөңіл, ақжарқын, адал, ешкімге жамандығы жоқ жан болатын. Ол ойлы ақын, жақсы редактор, білгір ұйымдастырушы болып қалыптасты. Өзі ашқан «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын жиырма үш жылдан астам басқара жүріп, оның «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде», «Ұлағат» атты қосымшаларын ұйымдастырды. Бұл басылымдарды нарықтық заманның қиындықтарына қарамай шығарып, педагогикалық қауым мен ата-аналар жұртшылығының сенімді серігіне айналдырды.

Онымен осыдан біраз күн бұрын сыныптас досы Қален мен Клараның қызы Алуаның тұрмысқа шыққан тойында бірге болып, бір столда отырған едік. Жанында асыл жары Бәтима болды. Маған сонда Қаленге арнаған өлеңінің кейбір жолдарын оқып берген еді. Оған өлеңінің жақсы жазылғанын айтқанмын. Ол үнсіз жымыып, рахметін айтқан. Содан кейінгі естігенім мынау суық хабар...

Мұндайда баяғы жас кездегі ескі таныстық тарихы көз алдына келеді. Оны мен сонау 1972 жылдардағы студенттік шақтан білетінмін. Біздер бұрынғы С.М.Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби) Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде үш-төрт курс жоғары оқыдық. Біз төртінші курста оқып жүргенде З.Шілдебаев деген студенттің факультеттің «Жас қалам» атты қабырға газетінде өлеңі жарияланғанын байқағанмын. Есімде қалғаны өлеңі тәп-тәуір еді. Бірінші курс студенті екен. 3-4 жыл жұмыс істеп, еңбек өтілімен келіпті деп еститінбіз. Оқта-текте ұшырасып қалғанда жылы амандасып жүрдік. Жылдар жылжып өтті.

Содан біз оқуымызды тәмамдап, сол кездегі Оқу министрлігінің ресми жолдамасымен қызметке елге кеттік. Өз басым жолдамамен талап етілетін екі жылдық еңбек мерзімін бітірген соң, ол замандағы дүмді саяси ұйым КПСС мүшелігіне өтіп, Алматыдағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылымдар институтына қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мамандығы бойынша (сол тұстағы тәртіп бойынша) төрт жылда бір рет берілетін жалғыз орынға аспирантураға қабылдандым. Бұл 1975 жылдың жазы болатын. Сол жыл Кеңес Одағы атты алып империялық ел бойынша «Әйелдер жылы» деп аталған болатын. Мен үшін бұл жыл құтты жыл болды. Өйткені, өмір жолымдағы 3-4 мәселе осы бір жылда шешімін тапты. Біріншісі – партия мүшелігіне өтуім, екіншісі – аспирантураға түсуім, үшіншісі – Алматыға қызметке орналасуым, төртіншісі әрі ең маңыздысы – үйленіп, отбасы құруым болды. Үйленгенде, Зернебектің ауылы – Жамбыл облысындағы Талас ауданының қызымен көңіл қостым. Міне, оған да келесі жылы қырық жыл толады екен.

Содан өмір өтіп жатты. Мәскеуде кандидаттық диссертациямды ойдағыдай қорғап, Білім министрлігінде әр түрлі басшылық қызметтер атқарып жүрдім. Оқта-текте педагогикалық басылымдарға мақала беріп тұрамын. Министр Ш.Шаяхметовтың кеңесшісі қызметінде жүрген, сондай бір күндерде бастығым жаңадан «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын ашу, оны ұйымдастыру жөнінде маған тапсырма берді. Содан соң іс-сапармен Мәскеуде өтетін бір Одақтық жиынға барғанда армяндық (Ашот Аветисян) әріптестеріммен кездесіп, олардан үлгі үшін «Армян тілі мен әдебиеті» журналының 5-6 данасын ала келдім. Енді бас редактор, орынбасар әрі жауапты хатшы қызметіне өзім білетін адамдардан сұрастыра бастадым.

Осы тұста Зернебектің «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына бас редактор болуы есте қаларлықтай әңгіме болды. Алдында ғана Жамбыл облысының Талас ауданынан «Қазақ университеті» баспасына белгілі журналист, қарымды

қаламгер Серік Әбдірайымұлын, Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары институтына (қазіргі Ұлттық білім академиясы) танымал әдебиетші-ғалым, профессор Жанғара Дәдебаевты директорлық қызметке ұсынып, екеуін де министрліктің алқасынан өткізген соң, тиісті орындарына тағайындаған болатынбыз. Ал жаңа ашылатын журналға Бас редакторлыққа үшінші адамды да (Зернебекті) Талас ауданынан ұсынуды ыңғайсыз көріп, оны «Бастауыш мектеп» журналының қызметкерлігінен болашақ журналдың Бас редакторы орынбасары-жауапты хатшы қызметіне, өзімнің курстас досым – филология ғылымдарының кандидаты (кейіннен филология ғылымдарының докторы, профессор болған), фольклорист-ғалым, Семей өңірінің тумасы Болатжан Абылқасымовты «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына Бас редакторлық лауазымға ұсындым. Ол Ұлттық академияның М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер еді. Жалақым аз деп жүретін. Журналда оған қарағанда еңбекақысы едәуір жоғарылау болатын.

Министр Болатжанды түс қайта шақырып, жеке қабылдады. Ұзақ сөйлесті. Кездесу министрге өте жақсы әсер қалдырыпты. Тіпті, мені оның артынша шақырып алып, «мынау жігіт өте жақсы кандидатура екен. Білімі қандай, ақыл-ой, өзін-өзі ұстауы қандай! Келбет қандай, келіс қандай!» деп әбден мақтады. Мен де марқайып, кешке үйге қайттым. Ертесіне таңертең жұмысқа келсем, қызметтік кабинетімнің жанында Болатжан күтіп тұр. Қыс кезі еді. Мен шешініп орныма жайғастым. Қарсыдағы орындықта Бөкең басы салбырап отыр.

«Қалай жағдай?» деген сұрағым, ол орысша бір ұят сөзді айтып жіберді де әрі қарай:

- Мына жұмысыңды түнімен ойлап, ұйықтай алмадым. Бұл – менің қолым емес. Менің өмірімнің мәні – ғылым, фольклор. Қаным басыма шапшып тұр. Өлтірейін демесең, мені мынадан босат. Болмайды... Жоқ журналды қалай шығарамын. Істемеймін, – деп қарап тұр. Мәссаған!

- Бұйрық шығып қойды ғой... Министр қол қойып қойды. Сені әбден мақтады. Мә, бұйрығың, – деп үстел үстіне қол қойылып, мөр басылған бір парақ қағазды тастадым.

- Жоқ, істемеймін...Өлсем де істемеймін, рахмет!

- Қой, ұят болады. Маған ыңғайсыз. Жас бала емессің ғой...

- Жоқ, болмайды дедім ғой, бол-май-ды!

Ол алған бетінен қайтатын түрі жоқ. Нілдей бұзылып тұр.

- Онда министрге өзің барып, өзің айт, бұл шешімді. Мен айта алмаймын. Кеше сені жер-көкке сыйғызбай мақтаған адамға, қалайша айтамын. Басқа емес... министрге, – деймін мен.

Ол көнді. Сонан оны министр қабылдағанда «Орныңа кімді ұсынасың?» деуі мүмкін. Сонда сен «журнал жұмысын жақсы білетін» өз орынбасарың Зернебекті айт деп үгіттедім. Ол қуанып кетті де, үшінші қабатта отыратын министріміз Шайсұлтан Шаяхметұлының кабинетіне кетті. Бір уақытта «Айттым, бітті... дұрыс болды құтылғаным... Зернебекті ұсынып кеттім», – деп Болатжан қайта келді. Ізінше министрдің тікелей телефоны шырылдап кетті.

- Келіп кет, – деді арғы жақтан бастығым. Даусы қатқылдау шықты.

- Бардым. Министрім көңілсіз отыр. Ашуланған да кейіп танытады.

- Анауың сөзінің бәтуасы жоқ адам ғой деймін. Кеше ғана сөзі тәуір секілді еді. Бүгін басқаша сөйлейді. Оңбаған ғой... Бүкіл жұртты ақымақ етіп... Жарайды барсын. Орнына орынбасары әрі жауапты-хатшысы Зернебек Шілдебаев дегенді атады ғой... Ол қандай адам? Білесің бе?

- Иә, білемін, жақсы ақын. Жаман жігіт емес. Бұрында «Бастауыш мектеп» журналында бөлім редакторы болған. Газеттерде жұмыс істеп ысылған журналист, – дедім.

Министр Зернебекті шақырып, қабылдауына ертіп әкелуді тапсырды. Шақырдым. Екеуміз министрге кірдік. Шәкең төрде, біз екеуміз алдындағы кішкене үстелде қарама-қарсы қарап,

министрдің сөзін күтіп отырмыз. Ол кісі қолындағы Зернебектің іс-қызмет құжаттарын қарап отырып, маған қарап:

- Ой, мынауың да Жамбыл облысының Талас ауданынан екен ғой. Бұл – үшінші адам. Қандай бәлең бар бұл ауданда?– деді.

- Мен қайдан білейін... Туған жеріне кім қарапты. Сіз өзіңіз «шақыр» деген соң, шақырдым. Өзіңіз біліңіз, – дедім, білмегенсіп жорыта.

Ол кісі Зернебекке қарап:

- Ақынсың ба? – деді.

Ол:

- Иә, ақынмын аға, – деп жауап берді сабырмен.

- Сатира жазасың ба, жоқ әлде лирика жазасың ба?

- Лирика жазамын, – дейді Зернебек.

- Лирик болсаң жақсы екен. Жарайсың, онда келістік, алқа жиналысына шығарып, бұйрығын бере бер, – деп тапсырды министр.

Сөйтіп, Зернебек министріміз Шайсұлтан Шаяхметовтың қабылдауынан Бас редакторлық қызметті алып шықты. Бұл – 1991 жыл болатын. Осылайша ол жұмысын бастап кетті. Содан, жоғарыда атағанымыздай, жиырма үш жылдан астам уақыт бойы Бас редактор болып еңбек етті.

Міне, бүгін сол Зекеңнен қапыда айырылып, өкініп қалған жайымыз бар. Сұм ажал ойламаған жерден тағы бір абзал азаматымызды, жақсы ақынды, қарымды қаламгерімізді арамыздан жұлып алып кетіп отыр. Алланың бұйрығына еш амал жоқ. «Жаның жәннатта болсын, нұрың пейіште шалқысын, Зеке!» дейміз оған.

Бақтияр СМАНОВ,

**ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі,
Халықаралық Ш.Айтматов
академиясының академигі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор.**

АҚ КІЛӘҢКӨРДЕЙ КӨҢЛІ

Бір кездерде белгілі сөз зергері, ұстазымыз Зейнолла Қабдолов өзінің сырлас жақын досы Заки Ахметов өмірден өткенде: «Қыстыгүні түтіні қайтқан пеш секілді күй кешудемін» деп толғанған болатын. Сол секілді мен де өмірде сырлас, әркімге құлпы ашыла бермейтін құпиямды тек соған ғана айтатын, жақын дос, қысылтаяң кезде қасыңнан табылатын жанашыр аға, жазу-сызу әлемінде бірге жүрген аяулы әріптес, үлкен жүректі, қазақтың мықты азаматынан айрылған сәтте сондай күй кештім. Қайран Зеке, өмір жолың ертегіге татырлық еді ғой. Ол жүрген жердің бәрі той болатын. Зекең ешқашан бармын деп тасқан, жоқпын деп сасқан жан емес. Қоңырқай өміріне риза, сүйген жары Бәтима апайды «мә-ме-сі» деп қойып, құбажондағы қоңыр шалдай ғұмыр кешті. Апамыздың Зекеңе деген шынайы махаббаты мен ешкімде жоқ, ерекше жақсы көру сезімі, Зекеңнің ол кісіге деген сыйластығы – таусылмас бөлек бір әңгіме.

Зекең жан баласына дауыс көтеруді білмейтін, жұрттың бәрін өзіндей жақсы көретін. Өзінің шағын кабинетінде қазақтың талай марқасқа мықтыларын «күтіп алып, шығарып салатын». Сол шағын бөлмесінен той дастарханы үнемі үзілмейтін. Әлгі қабырғасына әлемнің әнші әулиелерінің дауысы ұя салған Ласкала театрындай Зекеңнің сол бір шағын бөлмесі талай әнші, бишілердің таптырмас «сахнасына» айналған. Кейде өмірден қажыған жазушыны да, шарықтап арнасынан тасыған әйгілі ақынды да, сахнаға шықпаса да ел арасында жүрген, әр түрлі мамандық иесі, небір дүлдүл жырау-әншіні де осы Зекеңнің жұпынылау болса да аты бүкіл қазаққа мәлім «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі орыс мектебінде», «Ұлағат» журналдарының «бас офисынан» табатынсыз. Ғалымдар, әнші, жазушы – өнер адамдары өз алдына, талай қоғам қайраткерлері, тіпті Ақби аға секілді қаржыгерлер де балға

жиналған арадай Зекеңнің төңірегінде жүретін. Ал тіл маманы Қайсар досымыз мақаласын жариялаймын деген сылтаумен «апталап қона жатса», жазу өнеріне «үш қайнаса сорпасы қосылмайтын» саясаттанушы Сейфолла досымыз да осы Бас редактор кабинетінің күнара «қадірменді қонағы» болатын. Ал Астанадан Еділ мен Қайыржандар сағынып келгенде ат басын тірейтін, тамағын жібітіп, мауқын басатын «киелі орын» осы Зекеңнің «офисі». Бұл жерде небір ертегіге татырлық оқиғалар өрбитін, аңыз әңгімеге татырлық көңілді әзілдер айтылатын. Қужақ Сейфолла домбырасын қолына алып, «ән орманына» кіргенде әдеттегі ойын-сауығыңыз орта жолда қалатын. Күлкіден езу жия алмай бірі ішін басып құласа, бірі күлкіден көзінің жасын сүртегін. Риясыз көңіл, шынайы пейілден «су ішкен» небір достар табылып ерекше бір «дархан ауылдан» аттанғандай таң қылаң бере тарқасатынбыз. Сол кездердегі достарының шаттығынан жүзі бал-бұл жанған Зекеңнің түрін көрсеңіз: жайлап қана жымиятын келбеті, езуіне жиналған күлкісі айналасында отырғандарды магниттей өзіне тартып, баурап отырушы еді. Жақсы адамдардың өздері өмірден өтсе де іздері сайрап жатады деген осы екен-ау.

Сол шағын редакциядағы бөлмесінде неше түрлі ойын-сауықпен бірге қызу жұмыс та жүріп жататын. Шабытына мінген кезде Зекең отыра қалып ойындағысын оймақтай жазуымен қағазға түсіре бастайтын. Ешбір автордың меселін қайтарғанын көрген емеспіз, үлкенмен де кішімен де тең құрбысындай сөйлесетін. Оның үніндегі ерекше бір биязылық, өзіне жақын тартатын кісілік қасиеттер үнемі «менмұңдалап» тұратын. Жарлыны көрсе жарылқай жүретін. Жомарт та мәрт, ірі еді-ау жарықтық. Қалтасында соқыр тиыны қалмаса да достарына қағып беретін, тіпті жетпей бара жатса көрші дүкеннен сұрап алып беруші еді. Жомарттықтың, іріліктің, кісіліктің небір үлгісі осы Зекеңнің ғана бойынан табылатын. Әй бүгінгі қу түлкідей жылмың өмірде ондай жандарды енді шаммен іздеп табу қиын шығар. Зекең досқа адал болумен қатар өз ісіне талапшыл, қатал болатын. Кейде түн ұйқысын

төрт бөліп, журналдарын бастан аяқ тексеріп шыққанын талай көзіміз көрді. Мақаланы дайындау кезінде осыным қалай болды екен деп ақылдасатын, әр түрлі мамандардан кеңес сұрайтын, ойланып барып ойындағысын түйіндеуге тырысатын. Ол қазақ тілі десе өзінің ішкен асын өмірінің соңына дейін жерге қойып өткен жан. Сондай ақ көңіл, кішіпейіл, ешкімнің көңілін қалдырмайтын Зекең тілге байланысты үлкен додаларда орынсыз бір сөз бола қалса қыран бүркіттей қомданып, мінезін танытатын. Ана тілін қызғыштай қорып, бар жан тәнімен айқасқа түсетін. Ата-баба рухына адал, халқының, ұлтының тіліне нағыз жанашыр еді-ау жарықтық. Ол атойлап емес, тілдің тұғырлылығына жайлап отырып қана үш журналы арқылы үлкен үлес қосты. Талай мектеп мұғалімдері Зекеңнің журналын іздеп келе алатын, қажет дүниелерін Зекең де оларға сарымайдай сақтап жүруші еді.

Зекең жас кезінде жоқтықтың тауқыметін көп тартқандықтан да ақындық өнердің биігіне шыға алмай кетті. Әйтпегенде ол күнмен бірге күлетін, сумен бірге жылайтын, жапырақтың сыбдырымен сөйлескен нағыз лирик ақын болатын. Оның өлеңдеріндегі сыршылдық адамның ішкі дүниесімен ұштасып жататын қасиеттер өз шынайылығымен ерекше көзге ұратын. Досы ақын Наршамен екеуі отыра қалып өлең оқығанда небір ғаламат әсерлі күйге енетінсіз. Екеуі де бұл жалғанға сыймай кеткендей. Екеуі де аппақ әлемді құшағына сыйғызып, пенделерге өз биігінен қарап, дүниені жалпағынан басып жүруші еді-ау жарықтықтар. Әр басқан қадамдары жыр-әнгіме, думан болатын. Олар үшін бұл бөк дүниенің еш қажеттігі жоқ еді. Сондықтан да болар бұл жалған дүниеге олар көп кідірістемей, сайранын салып өте шықты. Алдарыңнан ақ күн тусын, нұрларың пейіште шалқып, жандарың жаннатта болғай, қос періште жандар....

Сансызбай МАДИЕВ,

**А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
директорының орынбасары.**

Н.Н.БОЛҒАНБАЕВ,
Талғат Бигельдинов атындағы
Қарағанды Республикалық әскери
мектеп-интернатының қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

НӘТИЖЕГЕ БАҒДАРЛАНҒАН БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛІ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Қоғам дамуында білім берудің ең маңызды мәселе екендігі белгілі. Қазіргі кездегі білім берудегі негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Назарбаевтың сөзі бекер айтылған жоқ. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Осыдан барып жас ұрпақтың бойындағы іскерлік қабілетін ашу және оларды шығармашылыққа баулу туындайды.

Әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы – ұстаз берген білім. Сондықтан да дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын жолға қойып, сапасын көтеруді

мақсат етеді. Ендеше осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңа формация мұғалімінің еншісіне тиері анық. ХХІ ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Жеке тұлға, яғни, дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру – білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы.

Халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Міржақып Дулатов: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман», - деп ғылым, білім, оқудың маңызын қара халыққа көрсеткен.

ҚР «Білім туралы» заңында айтылған «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі – жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектісін дамыту» деген сөздерін басшылыққа ала отырып, бүгінгі білім беру саласының алдында жүйеленіп, дайындалып берген білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс жасай алатын, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілеттерімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Қазіргі таңдағы білім беру салаларында бұрынғы біліммен салыстырғанда көп айырмашылық бар. Бүгінгі білім саласында ақпараттық-коммуникативтік құралдар, техникалық құралдар, аудио-визуалды құралдарды кеңінен пайдаланып, оқушының тек кітаптан оқып, құлақпен естіп қана қоймай, оны іс жүзінде көруге де көп мүмкіндігі бар.

Сондықтан да мұғалім өзінің шеберлігінің, ізденімпаздығының арқасында ең жоғары деген нәтижеге жетуге күзіретті.

Мен де өз сабақтарымда әр түрлі әдістерді кеңінен қолдануға тырысамын. Мен сабақ беретін орыс тілді сыныптарда қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – оқушылардың сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып, айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу. Мұндай жетістіктерге жету үшін әрбір мұғалім өз пәнінің хас маманы ғана емес, оқушылардың сол пәнге деген қызығушылығын арттырушы дәнекер шебер ұстаз бола білу керек. Өзінің әр сабағын түрлендіріп, оқушылардың ынта-назарларын осы пәнге аударта білу керек. Сол себепті мен де әр сабағымды түрлендіріп, өз дәрежесінде өткізе білуге тырысамын. Осы мақсатта, мен, төмендегі бес әдісті кеңінен қолданамын. Олар: 1. Сұрақ-жауап әдісі. 2. Диалог әдісі. 3. Аударма әдісі. 4. Сурет әдісі. 5. Тест әдісі.

1. Сұрақ-жауап әдісі – орыс тілді сыныптарда қолданылатын ең тиімді әдістердің бірі. Орыс тілінде өтілген сабақ-тардан кейін оқушының бірден қазақша сөйлеп кетуі қиынға соғады. Сондықтан да бұл әдіс баланың тілін жаттықтыру үшін өте пайдалы.

2. Диалог әдісі – оқушының оқушымен, оқушының мұғаліммен қарым-қатынасын жақсарту үшін өте пайдалы әдіс. Оқушы мұғалімнің берген тапсырмасын орындай отырып, өз ойын анық жеткізе білуге, ашып айтуға үйренеді, мұғаліммен тікелей байланысқа түсе алады. Сондықтан да бұл әдіс баланың тілін жаттықтыру үшін өте пайдалы.

3. Аударма әдісі – орыс тілді сыныптарда ең қажетті әдістердің бірі. Ең алдымен, сөздік арқылы жұмыс жасалып, оқушыларға мәтін бойынша бөліктер беріп аударма жасату. Бұл жұмыс күнделікті сабақта қолданылуы тиіс. Себебі, оқушы екі тілді қатар меңгере отырып тіл үйренуге тез жаттығады. Аударма жұмысын әсіресе сөздердің омоним, синонимдерін табу кезінде көбірек пайдаланған жөн.

4. Сурет әдісі – оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, ойларын ашып айта білу үшін тиімді әдіс. Бұл әдісті қазақ тілді сыныптарда да пайдалануға болады. Сурет әдісінің ең тиімді жағы, бала суретті көріп қана қоймай, ондағы нәрселермен танысады, жадында сақтай да алады. Тақырыпқа сай суреттерді бере отырып жаңа тақырып мазмұнын ашуға да болады.

5. Тест әдісі – оқушылардың лексика-грамматикалық білімдерін бекіту, тексеру, бағалау

мақсатында қолданылатын ең қажетті әдіс. Тесттің түрі көп. Оқушыларға берілетін тест түрлері жүйелі, жеңіл, түсінікті болуы шарт. Сондықтан да мен, өз сабағымда тест түрлерін кеңінен пайдаланамын.

Нәтижесі де өте жоғары. Күнделікті алынатын тесттен гөрі, осы тест түрлері арқылы оқушылардың сабаққа деген белсенділігі арта түсті. Сауатты да саналы белсенді, іскер, елін сүйетін ұрпақ тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін мен қазақ сыныптарында төмендегі мақсаттарды алдыма қойдым: - Оқытудың тиімділігін арттыру; - Берілген материалды терең ұғындыру; - Оқушының ойлау қабілетін арттыру; - Өзіндік жұмыс жасауға мүмкіндік туғызу; - Оқушыны жеке тұлға деп қабылдау; - Оқушы мен оқытушы арасында тепе-теңдік қалыптастыру.

Бүгінгі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі – жаңа технология. Оқытудың жаңа технологиялары ішінде өз тәжірибемде қолданып жүрген тәсілімді баяндап өтсем деймін. Қазіргі таңда оқушылардың жауапкершілігін, ізденімпаздығын, сөйлеу, ойын жеткізе білу, өзіндік пікір айту қабілеттерін арттыру мақсатында сын тұрғысынан оқыту технологиясының элементтерін ойын арқылы оқыту сабақтарында көп қолданамын. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзеліп, үйренуші не үйренгенін саралап салмақтап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы элементтерін пайдалана отырып жеткен жетістіктерім төмендегіше: - Оқушылар өз

бетінше ізденеді; - Сұрақ қою, сұраққа жауап беру негізгі мәселені айқындайды; - Ынтасы дамиды; - Материалды саралайды.

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері – оқытушының түсіндіріп отырған материалын аса зор ілтипатпен тыңдап жемісті, сапалы меңгеруіне көмекші болады. Мен өз сабақтарымда төмендегідей ойын элементтерін қолданамын: «Брейнг-ринг». «Үлгі жауап» пайымдау сұрақтары, «Адвокат» ойыны. Ойын арқылы сабағымда оқушылармен жеткен жетістіктерім: - Оқушылар қиын мәселені шеше білуді үйренеді; - Шешім қабылдауды үйренеді; - Қажетті материалды іріктейді; - Өз бетімен іздене біледі; - Нақты қызмет тәжірибесін меңгереді; - Теориялық білімді нақты істе қолданады; - Уақытты үнемдейді.

Білім беру саласында да оқушыларды білім нәрімен сусындату сабақ барысында техникалық құралды қолдану арқылы материалды түсіндіру, оқушыны сөйлету және пікірталас, бекіту, қажет ақпаратты іздестіру мәселесі шешілуде. Қазіргі таңда интерактивті тақта арқылы жұмыс жасау оқытушыға да, оқушыға да тиімді.

Интерактивті тақтамен үй тапсырмасын сұрау, жаңа сабақты баяндау, жаңа сабақты пысықтау кезінде де, тіпті сабаққа қажетті материалды жинақтау кезінде қолдану тиімді.

Ақпараттық технологияларды сабақта үнемі және жүйелі түрде қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, сабақтың сапасын

арттырады. Жоғарыдағы әдіс-тәсілдерді қолдана келе өз жеткен жетістіктерімді баяндай кетсем:

Мен өз сабағымды оқытудың деңгейлеп және ізденіс арқылы оқыту тәсілдерін үнемі қолданамын. Қазіргі заман талабына сай жеке тұлға қалыптастыру үшін дайын дүние бере салмай, шәкірттің өзіне қажет мағлұмат алуына жол көрсетіп бағыт-бағдар беремін. Мысалы А.Байтұрсынұлы шығармаларына өткізген ашық сабақ деңгейлеп оқытылынып, осы сабақта көптеген жетістіктерге жеттім. Қабылдауы әр түрлі оқушыларға білім деңгейлеріне қарай тапсырмалар беріліп, бағалау парақтары арқылы оқушылар бірін-бірі бағалап білім биржасының президентін анықтады. Сабақтың қорыту кезеңінде дебат технологиясын қолданып, пікірталас өткіздім.

Қазір жоғарғы санатты ұстазбын, әрі әдістемелік бірлестіктің жетекшісімін. Бірлестікте жұмыс жүйелі жоспармен жүргізілуде. Биылғы оқу жылы «Тілім – тірегім, соғып тұрған жүрегім» атты айлықпен басталды. Бұл айлықта тамаша мазмұнды қабырға газеттері шығарылып, бірнеше ашық сабақтар, тәрбие сағаттары өтіп, тілге арналған кештер өтті. Мен тәрбиелеген шәкірттер Талдықорғанда өткен «Жыр алыбы–Жамбыл» атты мектеп оқушыларына арналған Республикалық айтысқа қатысып, Алғыс хатқа ие болды. 2005 жылғы оқу жылынан бастап осы уақытқа дейін оқушыларым жыл сайын Республикалық Абай, Шәкәрім оқуларына қатысып жүлделі орындарға ие болып келеді. Мектеп оқушылары арасынан құрылған «Жас ақындар» және «Қауырсын» үйірмесіне

жетекшілік жасаймын. Үйірме мүшелерінің шығармалары облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде, «Қауырсын» журналында және «Егемен Қазақстан» басылымында жарияланды. Базистік оқу жоспарының жылжымалы бөлігі бойынша 11-сынып тәрбиеленушілерімен «Тіл мәдениеті» авторлық бағдарламасы бойынша таңдау курсы жүргізіп, оқу-әдістемелік кешенін дайындау үстіндемін. Ұстаздық іс-тәжірибем Республикалық «Ұлағат» журналында (2007 ж.) басылды. Батыр жазушы Бауыржан Момышұлының әскери өмір жолы бойынша мектеп курсанттарына лайықталған суретті кітап әзірледім. Қазақтың ақиық ақыны М.Мақатаев өмірінен «Асыл мұра» атты шағын топтама өлеңдерін құрастыру үстіндемін. Еліміздің білім беру жүйесін дамытудағы негізгі өзгерістердің бірі – Ұлттық Бірыңғай тестілеу жүйесі. Қазақ тілі пәнінен дайындаған оқушыларым жыл сайын 75-80 пайыз оқу сапасын көрсетті. Осы оқу орынында 10 жыл сынып жетекшісімін. Бітіріп кеткен сыныптарымнан жоғарғы әскери оқу орынына 70 пайызы түсіп, мектебіміздің ұстанған бағытын орындап отырдық.

Жас зерттеушілердің Шағын Ғылым Академиясының 38-ғылыми-практикалық, облыстық конференциясына қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша 3 оқушы ғылыми жұмыс қорғауға жіберілді. С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романындағы Шоқан бейнесі атты тақырыппен Ажкенов Саябек атты оқушымыз III дәрежелі дипломмен марапатталды. Мағжан ақынға арналған облыстық «Жас ақындар»

мүшәйрасына қатысқан Сариев Нұрсұлтан атты оқушымыз жүлделі орынға ие болып бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Қазіргі кезде республикамызда әлемдік жалпы білім беретін сатыға көтерілуі бағытында, білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру үрдісі өтіп жатыр. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр дегені белгілі. Бүгінгі күні ұстаздың басты мақсаты – өзіндік адамгершілік құндылықтарын бала бойына дарыта отырып, оның рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарын дамыту. Осы бағытта ең негізгі міндет – қоғамның қазіргі даму кезеңіне жауап беретін білім мен тәрбие берудің жаңа үлгілерін жетілдіре оқыту технологияларын пайдалана білім беру. Әлемде неше түрлі әдістемелер бар, оның тиімдісін таңдай білу – абзал. Әңгіме әдістеменің дүрілдеген атауында емес, оның оқушының дамыта алатын тұжырымдамасында, стандарттан аса алатын технологиясында. XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістігіне ену, білім беруді одан әрі демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына

сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Қай кезеңде, қай заманда болмасын мектептегі басты тұлға – мұғалім десек, дүниежүзілік даму деңгейінен кем түспейтін, иық тірестіре алатын, алған білім мен тәрбиелік қазынасын туған еліне, адамзат игілігіне жұмсай алатын қазақтың ой-танымының иесі, саналы азаматты жетілдіруге үлес қосатын қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісі, оны ұйымдастырушы мұғалімге жауапты міндет жүктеледі. Сонау ХХ ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабак беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Сондықтан қазіргі таңда педагогика жаңалықтарын қазіргі қолданып жүрген пән ерекшеліктеріне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Келешекте біздің еліміз басқа елдермен терезесі тең өмір сүруі үшін қазақ жастарын ешкімнен кем қылмай, жан-жақты дамыған білімді тәрбиелі тұлға етіп шығару жолындағы басты тұлға – ұстаз.

Сондықтан жас тәрбие мен білім беретін жас ұрпақтың бағбаны – ұстаз.

Ұлы Абай: «Адам адамнан тек білімі мен ақыл-ойы арқылы ғана озады», - деген екен. Ұлы ойшылдың осы бір даналық сөзі әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай келеді. Білім – әрбір азаматтың әлеуметтік хал-ахуалының жақсаруының, мемлекетіміздің жан-жақты дамуының кепілі.

Педагог пайымы

Гүлжан КЕНЖЕБАЙ,
Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік
Технологиялар және Инжиниринг университетінің
«Тілдік пәндер» кафедрасының магистр-аға оқытушысы.

ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕГІ АУДАРМАНЫҢ РӨЛІ

Қазақстан Республикасының сыртқы байланысының жан-жақты сапалы кеңеюі жағдайында шетел тілдерін меңгеру мәселесі – қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени-рухани дамуында елеулі факторлардың бірі болмақ.

Қазіргі заманда шетел тілін білу – мәдени ғана емес, экономикалық қажеттілік. Мұны барлық елдер де мойындайды. Біздің қоғамдағы өзгерістер: қарым-қатынастардың кеңеюі, басқа елдердің экономикалық кеңістігіне кеңірек шығуымыз, өзара араласқан мекемелердің құрылуы – шетел тіліне деген жоғары қызығушылықты әкелді.

Қазір жалпы біздің мемлекетіміз және әр оқушы, не студент шетел тілін іс жүзінде меңгеруін қалайды, себебі, бұл – дүниежүзілік шараларға шығу және де басқа елдердің мәдениетімен байланыс жолы. Осы заманда шетел тілін оқу – білім алудың негізі болып саналады. Мұның өзі тіл мамандарының мәртебесін көтеріп қана қоймайды, сонымен қатар жауапкершілігін арттырады. Екіншіден: жастардың айналадағы өркениет әлеміне, бағыт ұстаған ұмтылысына ізгілікті жол ашары сөзсіз. Ең бастысы, тілді үйрену арқылы оқушы не студент өз бетінше жұмыс істеуге, сөздіктерді, басқа да анықтамаларды пайдалана білуге үйренеді, сол елдің әдеби-тарихи мұралары, экономикасы, ғылымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тарихымен танысады.

Көп тіл білу – өнер. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі

ғылым біл»- деген қазақ атамыздан қалған дана сөз нақты осы уақытқа сәйкес келмек. Өзге халықтың тілін үйрену жеке басыңа, еліңе қажет.

Тіл білу – дұрыс сөйлеу және сауатты жазу. Шетел тілін оқытуда ана тілінің көмегі зор.

Ғалым Л.В.Ляховицкий: «Шетел тілін меңгеруде ана тілінің ерекшелігін ескеру, оқушы үшін жаңа тілде кездесетін қиындықтарды түсіну үшін өте қажет. Тек қана ана тіліне сүйене отырып, кездесетін осындай қиындықтарды жоюға болады. Егер сабақта ана тілінің ерекшеліктеріне көңіл бөлмесе, оқушылардың шетел тілін меңгеруіне кей жағдайда зиян келуі мүмкін. Яғни, сабақ тек шетел тілінде ғана болса, оқушылар үшін түсініксіз тілдік материалдардың саны көбейе түсіп, ол оқушылардың шетел тілін меңгеруге қызығуын төмендетеді»- дейді [1]. Сондықтан да бұл жерде аударманың рөлі ерекше.

Аударма – бір тілде бейнеленген мазмұнды екінші бір тілге әрі дәл, әрі толық қайталай бейнелейтін тілдік қимыл.

Тіл ғалымдарының деректері бойынша, қазіргі таңда дүниеде 2796 тіл бар екенін ескерсек, аударма қызметінің қаншалықты маңызды екенін білеміз. Аударма – әрқашанда адамдар, қауымдар, халықтар арасындағы тәжірибе алмасудың дәнекері. Аударма-сөз, әдебиет, публицистика ғылымдарының ажырамас бір бөлігі, әрі халықты рухани жағынан дамытудың күшті құралы. Аударма – халықтың мәдени өмірінің бір саласы, халықтар арасындағы үзілмейтін үрдістің бірі, адамзат аударма арқылы араласып құралады.

Көркем аударма – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге аударылған нұсқасы, көркем әдеби шығармашылықтың бір саласы. Көркем аударма түпнұсқаға мағынасы қаншалықты жақын келетініне орай дәлме-дәл аударма, еркін аударма, сәйкес аударма деп ажыратылады. Көркем аудармада әдеби шығарма бастан-аяқ сөзбе-сөз тәржімаланбайды, сөздердің мағынасын, көркемдік қуатын, бейнелік әсерін неғұрлым толық жеткізу мақсат етіледі.

Аударма жасаушы адам кем дегенде екі тілді жақсы меңгеруі керек. Аударма – әдебиеттің кең арналы, мол саласының бірі. Аударма арқылы бір халықтың таңдаулы әдеби шығармаларынан басқа халықтың өкілдері сусындай алады.

Шетел тілінің оқытушысы сабақ барысында жеңілден-қиынға, яғни, басынан бастап оқуға және жазуға, есте сақтауға жеңіл материалдарды меңгертуі керек. Әр оқытушы оқытудың негізгі үрдістерін (оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу) әрқашанда қолдануы тиіс. Оқушылар немесе студенттер оқығанын не жазғанын үнемі аударып отыру керек. Үнемі аудармамен жақсы жұмыстанғанда ғана жетістіктерге жету мүмкін. Көркем аударманың қасиетін арттырып, түпнұсқаның мағыналық байлығын, ой-талғамдары мен сезім иірімдерін, көркемдік ерекшеліктерін жаңғыртып, жарқыратып қайта туғызатын суреткерлік-шеберлік қазақ әдебиетінде қазіргі заманғы көркем аударма жасау дәстүрі ІХ ғасырдан басталады. Әдістеме әдебиетінде грамматикалық аударма және мәтіндік аударма болып екіге бөлінеді.

Немістің әлемге әйгілі ұлы ақыны Иоханн Вольфганг Гете «Wanderers Nachtlied» – «Жолаушының түнгі жыры»- деген сегіз жол өлең жазған.

Ueberallen Gipfeln
istRuh.
InallenWipfeln
Spuerestdu.
KaumeinenHauch
dieVoegleinschweigenimWalde.
Wartenur, balde.
Ruhestduauch (1780)

Осы өлең кейін жұрқа кең танылады. Өлеңнің философиялық мәні, көркемдік құрметі елдің ұлы ақындарын толғантты. «Жолаушының түнгі жыры» бүкіл дүниежүзі халықтарының тіліне аударылды. Табиғаттың көрінісіне жазған кішкене ғана өлең әуенділігімен, күдіретімен оқырманды өзіне баурап алады. Осы өлеңнен шап-шағын

сырбаз дүниеден таңғажайып сабыр, ләззат, бар жалғанды елжіретер жанға жайлы леп еседі. Аспан астын жайлап алған түнгі тыныштықты әйгілей түседі. Осы И.В.Гетенің өлеңі орыстың аққан жұлдыздай ұлы ақыны М.Ю.Лермонтовтың жанына әсері еткені соншалық, ол бұл өлеңді орыс тіліне аударған. Аударма өте ұтымды, әсерлі болған.

Горные вершины

Спят во тьме ночной,

Тихие долины

Полны свежей мглой,

Не пылит дорога,

Не дрожат листы,

Подожди немного,

Отдохнешь и ты. (М.Ю.Лермонтов 1840).

Бұдан біз М.Ю.Лермонтовтың өлеңді өте жоғары дәрежеде аударғанын және ақынның да неміс тілінің қыр-сырын терең меңгергенін түсінеміз.

Бұл аударманы біздің ұлы дарынды ақынымыз – Ұлы Абайдың жан-дүниесін оятқаны соншама дана, ақынжанды, сезімтал ағамыз өлеңді қазақ тіліне аударып қана қоймай, әлі күнге дейін шырқалып келе жатқан өлмес мұра – ән қалдырған. Аударманың да құдыреті осындай болады!

Қараңғы түнде тау қалғып,

Ұйқыға кетер балбырап,

Даланы жым-жырт, дел-сал ғып,

Түн басады салбырап.

Шаңдай алмас жол-дағы,

Сыбдырламас жапырақ.

Тыншығарсың сен-дағы...

Сабыр қылсаң азырақ... (А.Құнанбайұлы 1845).

Өлеңдегі жалпыға бірдей пікір Лермонтов пен Абай аудармаларында айрықша ат ойнатып тұр.

Аударма жұмысын орындау барысында студенттердің түрлі сөздіктер мен анықтамалармен жұмыс істей алу, сөздіктен тапқан сөздерін дұрыс қолдана білу лексикалық,

грамматикалық белгілеріне қарай сөзді ажырата білу, әдеби тілде мәтіннің мазмұнын жеткізе білу талап етіледі, оңайлатылған ғылыми-көпшілік, қоғамдық-саяси мәндегі мәтіндердің кейбір күрделі бөліктерін жазбаша және ауызша аударуға жаттығады.

Ауызша аудару – ең алғашқы ауызша сөйлеуге дайындық. Бұл бір тілдегі тілдік материалдарды басқа тілге аударуға қызмет етеді дегенді білдіреді. Оқушылар күнделікті өмірде кездесетін ситуациялар арқылы баяндауға, айтып беруге жаттыға бастайды.

Жазбаша аудару жекелеген сөйлемдермен, сөз тіркестерімен шектеледі. Оқушылар аударма жасау барысында неміс тілі мен ана тілі арасындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктерді тереңірек байқайды. [2]

Тіл – өте күрделі құбылыс. Мәтін сөзін дәлме-дәл аудару – қателіктердің бірі. Болашақ аудармашы сөздердің сөздіктегі тура баламасын бұлжытпай аудармай, сөзді емес, сол сөз айтып тұрған тура ойды аударуға тырысуы тиіс. Сол ойды ықшам етіп жеткізуі керек.

Мысалы: Біз кино көреміз. Мы смотрим фильм.

Wir sehen unseren Film an.

In unserer Bibliothek bekommen wir verschiedene deutsche Zeitschriften.

В нашей библиотеке мы получаем разные немецкие журналы. Біз біздің кітапханадан әр түрлі неміс журналдарын аламыз.

Екі тілге аударуды күшейту үшін аударма жаттығуларын қолдану – шетел тілін оқытудың пайдалылығын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Е.В.Игнатова. Рекомендации по работе с текстами литературных произведений на уроках немецкого языка. ИЯШ-5\6, 1992, стр-23.

2. А.Д.Жаржавская. Уроки технического перевода в школе с преподаванием ряда предметов на немецком языке, ИЯШ-6\85, стр-65.

Гуля ТӨРЕБЕРГЕНОВА,
№9 колледж МКҚК
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Төле би ауданы,
Көксайек елді мекені.

«ПОЭЗИЯ – МЕН ҮШІН ЖАНЫМНЫҢ ШЫРЫЛЫ»

Үй тұрар шумақтарын қойсақ қалап,
Өлеңдері өзіндей жайсаң ғажап.
Азамат ірі ақын боп, ұлы ақын боп,
Қайта туған ұлыңды қарсы ал, қазақ!
Шетінен өлең-жыры шұғылалы,
Әр қыры әр түске еніп құбылады.
«Зертте мені» -деп еді, Мұқанды біз,
Түсініп болған жоқпыз ұғып әлі-
деп ақын жырлағандай, Мұқағали Мақатаевтың өмірі
мен шығармашылығы біз үшін аспандағы ай сияқты мөлдір
казына емес пе?!

Бәріңе де орын бар,
Қорған емес салтанатты,
Сәнді сарай соғындар,
Ей, адамдар, сендер тату,
Сендер тату болындар!-

деп жырлап өткен ақын Мұқағали Мақатаев 1931 жылы Алматы облысы Нарынқол ауданы Қарасаз ауылында дүниеге келген. Тума дарын, ақиық Мұқағалидың өмір мектебі Қарасаз жерінде басталып, өзі сүйіп өткен аяулы да ару Алматыда аяқталған еді. Мұқағали ағамыздың балалық шағы ауыр жағдайда өтті.

Әкесі соғысқа кетіп оралмады. Соғыстың ауыр жылдарын басынан өткізді. Зерек, алғыр, өткір мінезді Мұқағали

мектепке жасы толмай-ақ ерте барды. Мектепте үздік оқып, қоғамдық жұмыстардың ұйытқысы болды. Ақынның балалық шағына көз жіберейік:

Өлді деуге бола ма, айтындаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,-

деп Абай ағамыз айтқандай, Мұқағали Мақатаев өмірден ерте кетсе де, біз үшін, кейінгі ұрпақ үшін, мәңгі тірі, өшпес бейнесі жүрегімізде жағталып, көңілімізде сақталып қалмақ, әлі де бізбен мәңгі бірге болады!

«Мені жырға, сөзге үйреткен, халықты сүюге тәрбие-леген – әжем» дейді ақын.

Рас, ақынның балалық шағы әжесінің тәрбиесінде өтті. Мұқағали Мақатаев дарынды, талантты, ұшқыр қиялды, өткір ойлы, нәзік жүректі, шебер драматург, сатирик, публицист, ақын, ұстаз. Оның: «Армысындар, достар», «Қарлығашым, келдің бе», «Дариға жүрек», «Аққулар ұйықтағанда», «Өмір-дастан», «Өмір-өзен», т.б. көптеген өлеңдер жинағының жарыққа шығуы бұған дәлел бола алады. Ақынның әрі журналист екеніне көз жеткізіп оқи отыра, үлкен әсер алып, керемет бір сезім бойынды кернеп, таңғажайып әлем дүниесіне еніп кеткендей боласың.

Нұрғиса Тілендиев: «Әрбір өлеңі ән сұрап тұрғандай»-деп айтқаны, ақынның әр өлеңінен ән сазы естіліп тұрғандай сезінесің.

«Абай – ақылдың ақыны,
Мағжан – ақынның ақыны,
Мұқағали – тұңғиық ақыны»-

деп, тектен-тек айтылмаған сияқты, Мұқағали өлеңдері сазды да мұңлы, адамды өзіне тартып, тереңге сүңгітіп, арманға қанат қаққандай күй кештіреді. Мұқағали өлеңдері сезімге толы, аруларға деген пәк сезім мен асыл жарларға деген адалдық туралы, оларға деген таза махаббат,

сүйіспеншілік сезімі, оның әрбір жырының алтын арқауы, қазығы екеніне көз жеткіземіз. Мысалы:

«Махаббат диалогы» атты өлеңіне көз жіберсек:

- Құс боп ұшып жоғалсам, не етер едің?
- Сені іздеумен мәңгілік өтер едім.
- Отқа түсіп өртенсем, не етер едің?
- Күл боп бірге соңыңнан кетер едім.
- Бұлдырасам сағымдай, не етер едің?
- Жел боп қуып, ақыры жетер едім.
- Қайғы әкелсем басыңа, не етер едің?
- Қойшы, сәулем, бәрін де көтеремін,- деп жырлайды.

Осындай махаббат жайлы жазылған өлеңдері әсем, сұлу, ару қыздарымызға арналған емес пе? Бүгінгі таңда «Музарт» тобының орындалып жүрген «Сенің көзің» атты өлеңге назар салсақ:

Толықсыған тұла бойың шыбық па екен, тал ма екен,
Бейнең сенің баяу атқан жазғы шұғыла таң ба екен,
Күлкің сенің шашылған нұр, сөзің кәусар, бал ма екен,
Бұл ғұмырда сенен артқан, сірә, біреу бар ма екен!?
Сен солайсың, Ләйлім менің, сенбе маған, сен, мейлің,
Бұл ғаламда сенен артқан бір жан болса егер де,
Өз көзімді өзім оям, оны мәңгі көрмеймін.
Зәмзәм суы сенен арзан, тата алмаған кәусарым,
Сенің әсем мүсінінді сөзбен қалай таусамын?!
Мың Мәжнүн мендей, сірә, тебіренген шығар-ау,
Аппақ құсым, қайдасың сен?

Аңсадым-ау аңсадым,- дегендей, мені де, мен сияқты ақын талантына бас июші оқырманды да тебіrentпей қоймас. Мұқағали өзінің бір керемет, ойлы, мұңлы шақтарында ақын қыз Фаризаны іздепті.

Жігітінен қазақтың дос таба алмай,

Қыз да болсаң мен саған мұң шағамын,- деп толғануы, Фариза Оңғарсыноваға өзінің жанын жеген ойын, күйін

сездіру үшін жырмен өрнектеп, «Фаризаға» атты өлеңімен жеткізген.

«Мұқағали поэзиясы – таңғы шықтай мөлдір, сырлы, мұңлы поэзия»- деп ақын Фариза да тегін айтпаған.

Мұқағали ақын: *«Менің қымбатты достарым! Мені өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем. Естеріңде болсын: менің өлеңім жеке тұрғанда түк те емес. Біріктіріп қарағанда ол поэма іспетті. Басы және аяғы бар адамның өмірі мен өлім қасіреті, қуанышы туралы поэма. Естеріңде болсын, әрбір өлеңім өз орнында тұрсын. Көз алмай оқыңдар, зер салыңдар. Егер мені содан таппасаңдар, онда ақын болмағаным»*- деп тектен-тек айтпаған.

Олай болса, ақынның поэзия туралы толғаныстары біз үшін ең биік Тянь-Шань тауының шыңы, мұзбалағы деп білеміз.

Иә, ақын өмірінің соңына дейін өлең жазумен айналысты, күнделік те, проза да, поэма да жазды.

Мысалы: «Бабаларым» деген өлеңінде:

Бабаларым,
Рахмет сендерге!
Бабаларым болмасын деп көр кеуде,
Қобызыңмен қосып ән мен күй бердің,
Өмірге мен мылқау болып енгенде,
Бабаларым, рахмет сендерге!
Жыраулардың жазбай кеткен жырларын,
Арулардың айтпай кеткен жырларын,
Қорқытыңның қорқынышты мұң, зарын,
Қобызыңның шанағынан тыңдадым.
Менің мына қайта туған күнімде,
Сөйле оркестр, дүрілде бір дүрілде,
Сөйле, Моцарт, менің ана тілімде,
Сөйле, Данте, менің ана тілімде,
Лай су шаймайтын арым бар,

Дауылдан қорықпас жаным бар,- дегендей, біз бабаларымыздың мұраларын сақтай отыра, қазақ елінің ұрпақтары да қорғай алады деп сенеміз. Сондықтан да, Мұқағали Мақатаев өзінің халқын сүйді, халық өзінің аяулы ақын ұлын сүйді.

Демек:

«Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,

Өлтіре алмас алайда өленді ешкім»,-

деп жырлаған Мұқағалидың өзі де, өлендері де ешқашан өлмек емес. Мұқағали Мақатаев мәңгі тірі.

Өмірінің соңғы күндерінде қайта-қайта ауырып, ауруханаға түсе бергенін жақсы білеміз.

«Поэзия – мен үшін жанымның шырылы»- деп шырылдаған ақын, әрбір атқан ақ таңын өлең жазуға арнады. Абзал ақын Мұқағалидың өмірінің соңғы жылдары ауыр да, қиын кезеңдер болса да, ақын өлең жазуын тоқтатпапты.

«Мен бір жаққа асығамын» деуінде үлкен мән, мұң, саз бар секілді. Соңғы күндері жиі ауыра берген соң, ақыры ауруханадан бір-ақ шығады.

Ауруханада жатып жазған соңғы сәттеріндегі күнделік беттерін ақтарсақ, ол балаларына арнаған хатында былай дейді:

«Сүйікті балаларым! Ақылсыз болмаңдар! Өмір тола қауіп, ақылмен қараңдар! Жөні жоқ мейірбан, жұмсақ болмаңдар. Өмір бар жерде жауыздық та бар. Мейірбандықпен, жұмсақтықпен жауыздықты жеңуге болмайды. Бір сөзбен айтқанда, сүйе де, жек көре де біліңдер, бірақ әрқашанда адам қалыптарыңда қалыңдар! Әрдайым сақ болыңдар, әрдайым өздеріңді қорғай біліңдер! Балаларым менің! Егер сендер түсінсеңдер зой мені.....» деп жазған ақынның жанының таза да пәк жүректі, өмірді қимас сәттік сезімін байқаймыз.

Мұқағалидың еліне, халқына, Отанына, туған жеріне арнаған өлендері көп-ақ. Мысалы: «Сәби болғым келеді», «Ең бірінші бақытым» атты өлендері осыған айғақ:

Құс та болғым келмейді!

Қанатым бар.

Қанатым бар күмістен жаратылған.

Сәби болғым келеді, сәби болғым,

Мына өмірден хабарсыз, жаңа туған.

От та болғым келмейді!

Жылуым бар,

Жылуым бар, керектер жылыныңдар.

Әлди болғым келеді, әлди болғым –

Күн сәулесі ойнақтар тұлымында,

Отыратын анасы құлыным деп.

Қанаттанып өмірге ұшарымда,

Кесілмесін бәрібір тұсауым да.

Сәби болғым келеді, сәби болғым,

Сәбиі жоқ Ананың құшағында.

Тар бесігі – кең жаһан таралмаған,

Біреуге бар, біреуге табылмаған

Сәби болғым келеді, сәби болғым,

Ана сүті аузынан арылмаған- деп, алаңсыз балалық сәби шақты ансаған адамдарға жұдырықтай жүрегінің жылылығын беруге асыққан ақынды көрсек, енді бірде кеудесі бақытқа, шаттыққа, өрлікке тұнған ақынды көреміз.

«Ең бірінші бақытым» атты өлеңінде ақын былай дейді:

Ең бірінші бақытым – халқым менің,

Соған берем ойымның алтын кенін.

Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,

Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің,- деп жырлаған еді. Мұқағали қазақ халқының әлеуметтік, ұлттық психологиясын жақсы білгендіктен, әрдайым саяси-әлеуметтік

жағдайларға байланысты тез өзгеріп, қайшылықты, қарама-қарсы қоғамдық құбылыстардың куәгері болған, өйткені ол – халықтың қалың ортасында тәрбиеленген, халықпен етене араласқан үлкен азамат. Сондықтан да ол жақсылық пен жамандық, барлық пен жоқтық сықылды бір-біріне қарама-қарсы ымырасыз күштерді, текетірестерді көріп, тайталаса, араласып жатқанына куә болған, көрген ақын жанымен де қанымен де оны өз жырларында шынайлықпен көрсете білді. Ол өз ұлтының қасиетті тамаша дәстүрін, ұлттық психологиясын, өзіндік өрнек-бояуымен ерекше жырлады. Табиғатына тартып туған ақынның асқар тауындай биіктігі, Шалкөде жайлауындай кеңдігі, Қарасудай тұнықтығы, адалдығы бәз біреулерге ұнамады. Аласартқысы келді, кеңдігін көре алмады, тұнығын лайлады. Мұндайда адам әдетте жасиды, қамығады, ызаланады, аспан мен жер тарылғандай күй кешеді. Бірақ, ақын поэзиясынан ондай жеке бастың реніш, өкпесін таба алмайсыз. Өнердің кәусәр туындысы халық өмірінің терең және мөлдір қайнарынан шымырлап шығады да, сол халықтың өзінің рухани сусынына айналады. Шын мәнінде, ақынның өлеңдерінде халық даналығының таңбасы бар. Демек, өнердің жасампаз күші халықтан туып, халық қажетіне жарауында жатыр. Қайталанбас құбылыстай жарқ етіп өте шыққан найзағай ақын әдебиеттің сом туындыларының алтын балдағын, халықтығын ту ғып көтерді, поэзия – бәрінен бұрын халық өмірінің айнасы болуын, поэзия – бәрінен бұрын халықтық мәні бар келелі шындықтардың суреттелуін көкседі.

Яғни:

Қайғы-мұңы неге керек бір бастың,

Елім барда есеңгіреп тұрмаспын.

Күндер маған көлеңкесін түсірсе,

Халқыма кеп, сырымды айтып, мұңдастым,- дейді ақын.

Әр жазушының кейіпкерді бейнелеу, характерді сомдау, көркемдік тәсілдерді қолдану тәжірибесі, стильдік өрнегі де әр алуан болатыны ықылым заманнан бері белгілі. Сондықтан да ақын:

Біз деген гүл қуалап, нәр іздейміз,

Шөп қажап, шіріткендей дән үзбейміз.

Алты айшылық жол басып, арып-ашып,

Адам деген патшаға дәрі іздейді,-

деп жырлады.

Мұқағали ақын кейіпкердің уақыт пен кеңістік құбылыстарын қабылдағанда, түйсінгенде, тұшын-ғанда пайда болатын ой-әсерін, сезім-сырын, психологиясын бейнелеу үшін шынайы тілде жазады. «1941 жыл. Ақпан» атты өлеңіне назар аударып көрейік:

1941 жыл.

Ақпандатқан, сыртта аяз.

Ауылымызды ақ қар жапқан.

Үңірейген түр соғыс дейтін,

Алапат аспан, жерді аттандатқан-

деген өлеңінің такырыбының өзі, сұрапыл соғыстың ызғарлы суығынан хабар бергендей. Ақын ақпандағы суықты, соғыстың суығымен байланыстырып жырлаған.

Ақын поэзиясында тек көркем сөзді ажарлап қана қоймай, оны мазмұн жағынан да, пішін жағынан да құбылта құлпыртып, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тигізудің» тәсілдерін ерекше қолданған. Мұқағали Мақатаевтың поэзиясы – әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні. Бояулар, дыбыстар, бар жаратылыс, барлық өмір ақын поэзиясына кіретін дүниелер де, осы құбылыстардағы құпия қуат, оларға тіршілік, ойнақы өмір беретін сырлар да – ақын поэзиясының тетігі мен жаны. Ақынның мына өлең жолдарына зер салсақ:

Маржан МҰХТАРҚЫЗЫ,
«№14 мектеп-лицей» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Теміртау қаласы.

КІТАП

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: кітаптың пайдасы мен маңызы туралы мәлімет бере отырып, тілдік құзыреттілігін дамытуға жағдай жасау, етістіктің шақтарын қайталау. **Міндеттері:** **білімділік** – тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді меңгере отырып, олармен сауатты, дұрыс сөйлемдер құрастыра білуге жаттықтыру; сөз таптарын ажырату, етістіктерді сөйлемдерде шақ бойынша пайдалануды машықтандыру; **дамытушылық** – сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Сөз бен сөзді байланыстыра білуге, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс қолдана білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – кітапты бағалауға, оны оқуға қызығушылығын ояту және ұқыпты ұстауға баулу; тілді құрметтеуге, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап, СТО жобасының элементтерін қолдану, жеке топтық жұмыс. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, кестелер, үлестірмелі материалдар, фломастерлер.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

I. Сәлемдесу. Психологиялық көңіл-күй.

Мен сені қызғанамын,
Қызғаныштан мұз шайнап,
Тұз жаладым.
Шаңқылдап алдымнан шық
Ана – қыран,

Алыстан келеді ұшып мұзбалағың,- деп жырлағанына қарай отыра, біз, ақынның қызғанышты жалаң күйінде алмай, махаббат сезімімен, сағынышпен салыстырмалы түрде алғанын, ақынның сүйгеніне деген ыстық ықыласын, сүйіспеншілігін осы жыр жолдарынан көреміз. Мұқағалидың жан шырылына айналған поэзиясы арқылы өзінің нәзіктікке толы сезімін тебіреніспен жеткізе біледі.

Мұқағали – әйелдің жан иірімдерін суреттеу кезінде, өлеңге өзіндік өзгеше соқпақ салған суреткер. Нәзік те қарапайым тілімен жазылған жинақты шығармаларында, ақын әйелдердің бейнесін суреттеуде, олардың жан дүниесіне бойлай отырып, оны кәусәр бұлақтың сылдыры секілді, өзгеше күйін шерте білгенін көреміз. Оның өлеңіндегі әйел бейнесінің өзіндік рухани тазалығымен құнды екеніне және әйел бойындағы адамдық қасиетті биік шыңға көтере отырып, оның арманы мен мақсатын білуге ұмтылғанын көреміз.

Мен ақын шығармаларынан өзіме рухани қуат беретін, жүрегіме пәк сезімді ұялата алатын, ерекше аялай алатын күйге енемін. Осы шығармашылық жұмысымды жазу барысында мен ақын шығармаларымен жете таныстым. Мен ақын шығармаларынан бірнеше өлеңдерді терең түсініп, мәнерлеп оқып жатқа айтамын. Мен үшін: «Мұқағали Мақатаев мәңгі тірі, жанымның, көңілімнің асыл кілті деп білемін. Қазақ өлеңінің биік рухын таныта білген, Хантәңірі тауындай биік шыңға көтере білген ақын мәңгі өлмейді, мәңгі жасайды».

Сәттілік біздер тілейік,
Мен саған, сен маған.
Күндей күліп жүрейік,
Күннің нұрын төгейік,
Мен саған, сен маған.

2. Сұрақ-жауап: Бүгін нешесі? Аптаның қай күні?
Аптаның нешінші күні? Қазір қай сабақ?

3. Фонетика жаттығулары.

- Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтырайық.

- Қ дыбысы бар сөздерге мысал келтіріңдер. Енді мына сөздерді дұрыс оқуға тырысайық: құрал, қызықты, құрастыру.

- Қ дыбысына сипаттама беріңдер. Бұл дыбыс қандай сөздерде жазылады?

4. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

I. Терме диктанты. Берілген сөздерден керек сөз таптарын теріп жазыңдар.

I топ – зат есім, II топ – сын есім, III топ – етістік.

Білім, адам, бағалы, іс, көркем, әдебиет, әрбір, білу, ақылды, шығармалар, біз, түсінеміз, жазу, айту, бағалай білу, сақтау, таза, асыл.

2. Етістіктің шақтары. Әр топ берілген шақ туралы ережені айтады.

I топ – өткен шақ: жұрнақтары -ды, -ді; -ты, -ті жалғаулары -м, -ң, -ңыз, -ңіз... Мысалы: жаздым – I жақ, жекеше түрі.

II топ – нақ осы шақ:

III топ – келер шақ:

3. Деңгейлік тапсырма.* Деңгей бойынша берілген тапсырмаларды тыңдау (III деңгей – берілген жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастыру. II деңгей – 3 сөйлем жазу. I деңгей – «Мектеп» тақырыбына әңгіме жазу).

Қорытынды. Сөйлем құрастырғанда осы шақтардың жұрнақтарын және жалғауларын ұмытпайық.

III. Жаңа сабақтың тақырыбы мен өту барысын талқылау.

Кіріспе: Біздің бүгінгі сабағымыз ерекше. Біздің сыныпқа қоржын беріп жіберіпті. Оның ішінде құпия нәрсе бар. Бұл қоржынды ең білгір, белсенді оқушылар ашсын деген шарт қойылған екен. Оны білу үшін біз сабағымызды жарыс түрінде өткіземіз. Бірнеше белестерден өтіп, тапсырмаларды орындауымыз керек. Сабақта біз 3 топқа бөлініп жұмыс істейміз. Әр белес тапсырмалары ұпаймен бағаланады.

Жарыс негізгі 4 белестен тұрады. Тақтада бағалау алгоритмі көрсетіледі.

- Балалар, мына мәліметке назар аударыңдар! Осы мәлімет арқылы сабақтың тақырыбын анықтайсыңдар.

Көне заманда қытайлықтар білімді болу үшін қажетті құрал тауып шығарыпты және оның сырын ешкімге айтпайтын болыпты. Ол туралы айтқан адамды өлім жазасына кескен. Оның сыры көп жылдар бойы құпия сақталған.

I белес.

I. Ой қозғау:

- Қалай ойлайсыңдар, білімді болу үшін не қажет? Қытайлықтар қай затты ойлап шығарыпты?

- **Әрине, кітап!** Кітап арқылы адам көп жетістіктерге жетті. Ал қазіргі техника дамыған заманда ол қажет пе? Бұл сұраққа сабақтың аяғында жауап бересіңдер.

- Ендеше, бүгінгі тақырыбымыз – кітап. Жаңа сабақта қандай жұмыстар атқаруымыз мүмкін, оны сендер маған өздерің айтасыңдар.

- Бүгін біз сабақта жаңа сөздермен танысып, мәтінді аударамыз, сөйлемдер, диалог, монолог құрастырамыз.

- Дұрыс, күнделікті жұмыс түрлерін жасаумен қатар, етістіктің шақтарын сөйлемдерде дұрыс қолдануын үйренеміз.

2. Жазылым. Ассоциация құрастыру. Әр топ өз жұмысын ортаға салады (Әр түрлі, қызықты, ертегі, жазушы, білім, кітапхана, оқиды, ...)



3. Пікірлесу.

- Кітап туралы өз ойларыңды бір сөйлеммен білдіріңдер? (Оқушылардың жауаптары: Кітап – ең керек зат. Кітап білім береді. Кітаптан көп білім аламыз. Мен көп кітап оқимын....)

- Осы мәліметтерді сабақ барысында толтыруға тырысайық.

II белес.

I. Жаңа сөздерді меңгерту.

Сөздерді мұғалім оқып, оқушылар бірнеше рет қайталайды, сөз тіркестерін құрастырады.

- Сабаққа керек жаңа сөздермен танысайық.

Тыңдалым.

Жақсы тұру – хорошо жить;

бақытты өмір сүру – жить счастливо;

ата-бабалар – предки;

көркем – художественная;

бағалы іс – ценный труд;

тарататын – распространяющий;

жыртпа – не рви; өнерлі – искусный;

үйретемін – обучаю;

түсіндіремін – объясняю;

күту – ухаживать.

- Актив сөздерімен сөз тіркестерін құрастырайық.

Қосымша сөздер: түсіндіреді, көмектеседі, бағалай білу, оқимын, қызықты, білімді, таныстырады, ұқыпты, жан-жақты, аталады.

2. Оқылым. Мәтінмен жұмыс.

- Ал кітап өзі туралы қалай ойлайды?

Мұғалім мәтінді мәнерлеп оқиды.

а) Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқу.

I топ. Мен адамның досымын. Адамға жақсы тұруды, бақытты өмір сүруді үйретемін.

Балаларға ата-бабаларының қалай өмір сүргенін айтамын.

II топ. Балаларды білімді, өнерлі болуға үйретемін. Білім – адам үшін ең бағалы іс. Сол білімді тарататын құралдардың бірімін.

III топ. Мен сенің қолыңда тұрмын. Мені күтіп, жыртпай таза ұста. Мен сенімді досыңмын.

ә) Тілдесім.

- О, балалар, бізге қонақ келді. Қонаққа қошемет көрсетіп қарсы алайық. Ушакова В. 10 «А» сынып оқушысы «кітап» киімін киіп, оқушылармен сұхбаттасады.

Кітаптың (Лераның) сұрақтары: - Мен адамға кімін? Адамды неге үйретемін? Оған не туралы айтамын? Адам қандай болу керек? Мен нені таратамын? Мені қалай пайдалану керек? Сонда мен сендерге кім боламын? Сенің атың кім? Сенің сүйікті кітабың бар ма? Ол қалай аталады? Ол не туралы?

- Мен әр білімді боламын деген адамға керекпін. Сендер менің досымысыңдар.

- Сендер өте білімді оқушысындар. Кітапты көп оқиды екенсіңдер. Сендер маған ұнадыңдар. Кітап оқуды жалғастыра беріңдер, сонда көп жетістіктерге жетесіңдер. Енді қоштасайық. Сау болыңдар. Кездескенше.

Мұғалім: - Қонаққа ризашылығымызды білдіріп шығарып салайық.

б) Грамматика:

- Бұл белесте қандай етістіктерді пайдаландыңдар?

Қорытынды.

- Сонымен, бұл кезең бойынша қорытынды жасайық. «Кітап деген не, ол не үшін қажет?», әр топ өз мәтіні бойынша бір сөзбен немесе сөз тіркесімен жауап берсін.

Кітап деген не? Онымен қалай жұмыс істеу керек?

* жақсы тұруды үйретеді;

* білім таратады;

* күтіп ұстау керек.

в) «Тез ойла» ойыны.

Дауысты дыбыстарды орнына қой (интерактивті тақтамен жұмыс).

III топ. К.ш- б.л.мд., б.л.м- к.т.пт..

II топ. К.т.п- ғ.л.м, т.лс.з м.ғ.л.м .

I топ. К.с.н.ң к.с.л.г. ки.м.нд. .мес, б.л.м.нд..

г) Сергіту сәті: сөз таптарын қайталау.

Зат есімді естігенде оқушылар қол шапалақтайды, сын есімді естігенде саусақпен дыбыс береді, етістікті естігенде аяқпен тықылдатады.

(Кітап, білімді, қызықты, үйретеді, ертегі, шығарма, таза, таратады, мұқаба...)

III белес. Жазылым. Жекелеме тапсырма бойынша жұмыс.

- Енді, кітапты қалай оқисыңдар, ол туралы не білесіңдер, соның барлығын келесі тапсырмада көрсетесіңдер.

I топ. Айтылым. Жағдаят. Сені досың туған күніне шақырды. Қандай және қайдан сыйлық аласың?

- Мені досым туған күніне шақырды. Мен оған...

(Топтың жұмысы: Мен оған кітап сыйлаймын. Мен анаммен кітап дүкеніне бардым.

Онда әр түрлі кітаптар сатылады. Менің досым ертегіні жақсы көреді. Мына сөреде қызықты ертегілер тұр. Мен оған «Алдар Көсе» деген ертегі кітабын сатып алдым.

Досым қуанышты болды.

II топ. Тілдесім. Сұрақтар арқылы диалог құрастырыңдар. Жұптасып оқып бер.

- Дина, сен кітап дегенді қалай түсінесің?

(- Әсем, кітап деген адамның адал досы, өмірлік жолдасы.)

- Сен кітап оқуды ұнатасың ба?

- Иә, мен кітап оқуды ұнатамын.

- Сен кітаптарды қайдан аласың?

- Мен кітапты кітапханадан аламын.

- Ал сен қандай кітаптар оқисың?

- Мен ертегілер, қазақ тіліндегі энциклопедияларды оқимын.

III топ. Айтылым. Берілген кітап бойынша әңгіме құрастырыңдар.

Мысалы: Бұл кітап «Қазақстан табиғаты» деп аталады. Мұнда таулар, өзендер, көлдер туралы мәтіндер бар. Бұл кітап арқылы Балқаш көлі, Марқакөл туралы жаңа мәліметпен таныстық. Бұл кітапта әр түрлі суреттер салынған. Кітаптың авторы ... Бұл кітапта 15 бет бар. Кітап өте қызықты. Бізге бұл кітап ұнады.

- Бұл белесте қандай етістіктерді пайдаландыңдар? Олар қай шақта тұр?

IV белес.

Жазылым. Аударма жұмысы. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып аударыңдар. Зат есімдердің септік-

терін анықтаңдар. Керекті сөздер: таза, ұстама, жазба, мұқабасын, оқы, кітапта.

I топ. Әрбір кітапты ... сақта. Кітапты кір қолыңмен

II топ. Кітапқа атыңды Кітабыңның ... қаптап ал.

III топ. Кітапты жарықта Күш – білімде, білім – ...

IV. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын қорытындылау, жүйелеу кезеңі.

Сабақты оқушылардың өздеріне қорытындылату, сөйлету.

1. «Бес жолды өлең» құрастыру.

Кітап.

Бағалы, көркем.

Таратады, үйретеді, түсіндіреді.

Оны бағалай білу керек.

Дос (Қазына).

2. Сабақ бойынша сұрақтарға жауап беру:

1. Біз бүгін қандай тақырыппен таныстық?

2. Қандай тақырыптарды қайталадық?

3. Қандай жұмыстарды орындадық?

4. Қазір кітап қажет пе? Ол не үшін керек?

Түйін: «Күш – білімде, білім – кітапта».

IV. Үй тапсырмасын беру: III деңгей – етістікті үш шақта жіктеу, сөздерді жаттау.

II деңгей – жаңа сөздерді пайдаланып, 3 сөйлем құрастыру; I деңгей – «Менің сүйікті кітабым» тақырыбына шағын әңгіме жазу.

V. Рефлексия. Маған сабақ ұнады. Мен көп мәлімет алдым. Менің сұрақтарым бар.

Алда көп жұмыс істеу керек. Смайликтер арқылы.

VI. Бағалау. Әр топтың ұпайын санап, қай ұпаймен жеткенін айтып бағалау. Қоржынды белсенді қатысқан оқушыларға ашқызып, ішіндегі сыйлықтарды (кітаптарды) тарату.

Галина КАРМЕНОВА,
Семей қаласындағы «№3 жалпы орта білім
беретін мектеп-кешен» КММ мұғалімі.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

(Оралхан Бөкей әңгімелері негізінде)

Оралхан Бөкейдің әдеби әлемі кез келген оқырманды бей-жай қалдыра алмайды. Оқыған сайын қайта айналып оқи бересің, қарапайым қазақ ауылының бүткіл болмысы өзіңе таныс суреттер, оқиғалар тереңіне бойлай түсесің, қаланың мезі тіршілігінен қалт босағанда қолыңа алып ауылға деген сағынышыңды басқандай боласың.

Өзің ғана оқып қоймай оқушы көңілінде соған қарай аударғың келеді, сол мақсатты көздеп сабақ арасында, адамгершіліктің, қарапайымдықтың қасқа жолы, адамдар арасындағы қарым-қатынастың небір шұрайлы ойларымен бөлісесің, алайда бұның бәрі құрғақ, жалаң баяндау сияқты көрінген соң, қыркүйек айында жер-жерде өтетін Оралхан Бөкейдің 70 жылдық мерейтойына орай «Ауыл хикаяттары» әңгімелерінен орта буын оқушыларына арнап «Көк тайынша» әңгімесі бойынша сахналық қойылым жасауды ұйғардым.

«Көк тайынша» «Бес тиын» «Апамның астауы» «Иағаң...», «Мәшәбинә», «Тоқадан қалған тұяқ», т.б. әңгімелері шындыққа қылдай қиянаты жоқ әділдігімен, қарапайымдығымен бірден баурап алады.

«Көк тайынша» әңгімесінде: «Біздің үйдің керіскендей көк тайыншасын Ұзақ тауының бауырында ұрлап сойып әкеткен. Төрт сирағы, терісі, көзі алайған басы ғана қалған. Мал ашуы – жан ашуы деген ғой, әке-шешеміз қатты қапаланып, қайғырғаны болуы керек, үш күн сүт қатпай қара шай ішіпті... Көк тайыншаның орны бөлек еді-ау, қорамыздың бір бұрышы үңірейіп қалғандай болды».

Ұлттық мінез, салт-сана жарқырап, «Керіскендей-ау, керіскендей. Қайдан ғана қаңғып туғанын кім білсін, көрші-қолаңның аузының суын құртатын әдемі еді-ай, жарықтық. Иә, ал енді «жарықтық .. келмеске аттаныпты. Кеше түсіме кірді: ақ бас қызыл бұзауы бар, таудан асып барады екен, Артына қарап мөңіреді де, көрінбей кетті... мәңгілікке...». Қарапайым ауыл адамдарының бірекі ауыз сөзі арқылы жаз, күз, қыс, көктем бойы келіп кетіп жүріп, «дайын асқа тік қасық» болып, үй иелерін тергей жүріп, ұрыны іздеген милиционер, тайыншасы қолды боп кеткен кемпір мен шалдың шыдамдылығы, салиқалы, сырбаз қазақи мінездің арқасында құдасына шындықты мойындатуы – үлкен азаматтықтың асқар биігі. Әлеуметтік тіршіліктегі қыз-қыз қайнаған ащы шындық, Шыңғыстаудан арайлап шыққан күндей жарқырай ашылады.

5-6-сынып оқушылары үшін тәрбиелік мәні бар «Көк тайынша» әңгімесінің тілі жатық, ұғымға жеңіл болғандықтан оқушылардың қызығушылығы арта түсті.

Нәтижесінде «Көк тайынша» әңгімесі мектеп сахнасында оқушыларға қойылды. Кейіпкерлерінің табиғи тазалығы, әке болмысы, ұрлықтың өзін ешбір заңсыз-ақ мойындатуы, әсіресе, өз істеріне жауапсыз қарайтындардың тоғышар бейнесі шебер берілгендіктен,

астарлы ой да оқушы көңіліне қона кетіп, нені алып, нені алмау керектігін өздері-ақ шешіп алады. Кейіпкер болып ойнап шығу арқылы өздерінде талпыныс, дербестік пайда болды. Тағы да қойылым жасауға ниет білдірді.

Өмірдің қайнар бұлағы, шығармашылық көзі – тіршілік. Талант тасада қалмай жарып шығуы керек. Тамырына нәр бармаған жеткіншек ұрпақтан не күтеміз? Нәріміз де, сәніміз де – ұлттық құндылық. Осыны жойып алмай тұрғанда оқушы ұғымына лайықтап тау тұлғалы, киелі сөз өнерін бойына жинап, артына өлмес мұраларын қалдырған қазақ елінің қаймақтарының шығармаларын насихаттау – ұстаздардың міндеті.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әңгіме жанрының ерекшелігіне тоқталып, оқыған шығармаларынан сөз мағынасымен, түсінбеген сөздерімен жұмыс жасау, танымдық қабілеттерін қалыптастырады. Мазмұны бойынша жоспар құру, тақырып бойынша сурет салу, өздерінің басынан өткен қызықты сәттерінен сөйлем құрап жазу, мәтін құрату жұмысы да, көркем шығарманы түсініп оқуға ықпал етеді. Белгілі бір аймақта қолданылатын сөздермен сөз мағынасы да қалыс қалмайды.

Қазақ халқының салт-дәстүрін, таным-түсінігін, адамдар психологиясын беруде Оралхан әңгімелерінің танымдық-тәрбиелік мәні зор. Неғұрлым қарапайымнан күрделіге өту, тұлғаның ой-өрісінің, есте сақтауының нұрлануына, таным белсендігінің артуына, дербестігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Оралхан Бөкей әңгімелерінде оқырман жүрегімен қабаттаса қабысып жатқан элементтер өте көп. Жақсылық пен жамандықтың бітіспес тартысын кейіпкерлерінің ішкі дүниесіне үңіле, астарлы ойын әлеуметтік тұрғыдан

жайып салады. Отансүйгіштік рухы мен мұндалап тұратын әңгімелерінде жалын атқан жастардың отты сезімі, өмірге құштарлығы романтикалық сарыны мен драматизмі айқын сезіліп тұрады.

Оралхан Бөкей шығармаларын оқыған соң терең ойға қаласың, әдебиеттегі алатын орнының биіктігіне таңқаласың.

Әлия Бөпежанованың естелігінен: «Оралхан Бөкей – адамның абырой-мерейін, тектілігі мен сұлулығын, қорғаудан талмаған, үлкен гуманист суреткер. Оның қай шығармасы да осал емес, ерекше рух, энергетика бар».

Шерхан Мұртаза: «Оралхан кітаптары өмір сүріп келеді. Олар жасқа – ақыл, кәріге – қуат береді. Бақытқа бақыт қосады. Бақытсызға медет болады».

Мектеп партасы да Оралхан шығармашылығын жақсы қабылдады, соған орай Оралхан Бөкейдің «Көк Тайынша» әңгімесі бойынша бір бөлімді төрт суретті қойылымды жазып, дайындап, мектеп сахнасына шығарған жұмысымды ұсынып отырмын.

Оралхан Бөкей. «Көк тайынша» қойылымы.

Автор – Абылай Милиционер В.В.Окинков – Али.

Әкесі – Қуаныш. Оқушы ұл – Әкежан.

Шешесі – Ақсәуле. Мұғалима – Диана.

Ұры құда – Орал. Қанат бауыры – Ерік.

I. Қала. Жазушының бөлмесі. Үстел үстінде кітаптар, беті ашық жатқан дәптер, қалам, қарындаш. Қолында үшбу хаты бар (Оралхан) Абылай оқып тұр.

Абылай: - «Мен бүгін ауылдан хат алдым. «Ең соңғы жаңалық» депті үшбу хатының соңында, біздің үйдің керіскендей көк тайыншасын Ұзақ тауының бауырында ұрлап сойып әкеткен. Төрт сирағы, терісі, көзі алайған басы ғана қалған. Мал ашуы – жан ашуы деген ғой, әке-

шешеміз қатты қапаланып, қайғырғаны болуы керек, үш күн сүт қатпай қара шай ішіпті. Амал не?... Милицияға хабарлаған, әлі хабар жоқ. Көк тайыншаның орны бөлек еді-ау, қорамыздың бір бұрышы үнірейіп қалғандай болды».

II. Сахнада артқы фонда таулы өлке, табиғаттың тамаша бір суреті, жайылып жүрген малды ауыл бейнеленген баннер.

(Шал шығады. Қолында жүген, құла аттың тұсауын шешіп, жайдақ мініп, жер шолады.)

Абылай (Оралхан): - Күн шықпай ерте біздің шал сауын сиырларын өрістен айдап қайтуға Ұзақ тауына беттейді. Малың түгендейді, көк тайыншасынан басқасы өрісте жүр. Ата-бабасы жайлаған таудың ұңғыл-шұңғылынан іздейді, алайда көк тайыншасын таба алмады.

Топтанып өскен қайыңның түбінде көк тас жататын сол көк тастың алқымынан қайнап бастау ағып жататын. Сол көк тас көк тайыншаның қанына былғанған. Көзі алайып, күзгі ашық аспанға тесіле қарап кесілген бас, серейіп төрт сирақ жатыр. Ұры бастаудың суын ластап, ішек-қарнына дейін аршып, терісін тұздап, керіп жайып кетіпті. Маңайы опыр-топыр тағалы аттың ізі түскен, соған қарағанда ұры екеу сияқты, сасқалақтап жүріп қамшысын тастап кетіпті. Қыркүйекте шақырған милиция қараша біткенде келді.

(Сары ала автобустан милиция формасын киген, қолтығында тері сөмкесі бар В.В.Окинков шалдың үйіне дайын тұрған ет пен шайдың үстіне түседі. Ар жағына ел қонған соң, ләм-мим деп ештеңе сұрамай, жамбастай жатып көзі ілініп кеткен сәтте сабағынан үйге қайтқан Қанат кіреді.)

Бірінші сурет.

Ерік (Қанат): - Апа-а-а-а, мен келдім, қарным ашты... апа, мына милиционер біздің үйде неге ұйықтап жатыр.

Ақсәуле (шешесі): - Көк тайыншаны ұрлаған кісіні іздеп жүрген милиционер, ауданнан келді. (Дабыр-дұбыр етіп Ерік оятып жіберді. Көзін аша сала, жанында жатқан былғары сөмкесіне қол созады.)

Ақсәуле: - Ұйқтасаңшы, ұрыны іздеймін деп шаршадың ғой... (есіней сөйлеген ол қаламсабына жармасты.)

Али (милиционер): - Сонымен, сиырларыңыз қашан жоғалды?

Қуаныш (әкесі): - Осы бір жарым ай бұрын, (әкем оған жақтырмаған кейіпте насыбайын атады).

Али: - Неге хабарламадыңыздар?

Қуаныш: - Хабарлағанбыз.

Али: - Да, да... қол тимейді. Ұры көп. Аты-жөніңіз? – дейді әкеме тіктей қарап.

Қуаныш. Райсов Исахан.

Али: - Сіздің фамилияңыз, апа? (Шешем әкеме қарап)

Ақсәуле: - Әй, шал, айтсаңшы, - дейді.

Қуаныш: - Ол да Райсова.

Али: - Дұрыс – сс ...с... Сиырдың жасы, түсі, ерекше белгілері...

Қуаныш: - Үш жасар, көк, құйрығы шуатылған ұзын, мүйізі әдемі келісті біткен керіскендей.

Али: - Тұра тұрыңыз, (әкемнің сөзін бөліп) керіскендей деген белгі болмайды. Кім ұрлап сойды деп ойлайсыз?

Қуаныш: - Шырағым-ау, кімнің ұрлағанын білсем, сендерден көмек дәметіп нем бар?

Али: - Дұр-ы...с...ссс... Издейміз, табамыз. Шеше, тағы бір кесе шай құйып жіберіңізші. Автобустан қалып қоймай тұрғанда қайтайын, асығыспын, жұмыс көп, ұрылар одан да көп.

Қуаныш: - Балам, мына милицияны ана иттен шығарып жібер.

Екінші сурет.

(Содан ол ақпан айын орталап, қақаған қыста төбесін көрсетті. Шай қойылды, ет асылды, құрт қосқан сорпаны сарқа ішіп, жылқы етін жеп, көзі ілініп, қалғи бастады. Осы кезде есікті жұлқа тартып Қанат кіріп келді де, Окинков сасқалақтап атып тұрып, тапаншасына жармасты).

Ақсәуле: - Ойбай, көтек! (бетін басып отыра кетті).

Қуаныш: - Әй, кемпір, насыбай бітіп қалыпты ғой. (қолындағы шыны сауытты домалата салды).

Али: - Фамилияңыз, аты-жөніңіз? (есінеп қағаз-қаламдарын ыңғайлап жазуға дайындалады.)

Қуаныш: - Райсов Исахан.

Али: - Жасыңыз?

Қуаныш: - Алпыс үштемін.

Али: - Ұлтыңыз?

Қуаныш: - Қазақпын (Бұл сөзді нығыздай айтты)

Али: - Аты-жөніңіз, жасыңыз, ұлтыңыз? (Шешеме қарап)

Ақсәуле: - Құдай-ау, энеугүні айтып едім ғой.

Али: - Тағы да айтыңыз (қатқыл дауыспен).

Қуаныш: - Райсова, жасы 65-ге.

Али: - Өзі айтсын.

Ақсәуле: - Құдай-ау, қайын атамның атын қалай атаймын... Әй, шал... Тайыншамыз керіскендей, аузымызды аққа жарытайын деп тұрған асыл тұқымды мал еді.

Али. Керіскендей деген белгі болмайды.

Қуаныш. Алғаш келгенде ұмытып кетіппін, шырағым, ұры қамшысын қалдырып кеткен. Міне. (Сегіз өрім

тобылғы сапты қамшыны Окинковтың алдына тастады. Ол қамшыны әрі-бері айналдырып қарайды.)

Али. Бұл ауылда не көп, қамшы көп және бір-бірінен айнымайды. (Қамшыны қайтарып берді.) Іздейміз, табамыз. (орнынан асығыс тұрды, Қанат иттен шығарып салды.)

Үшінші сурет.

Абылай: - Қыс өтіп, жазғытұрым болды. Біздің үй көк тайыншаны да, былғары сөмкелі Окинковты да ұмытқалы қаша-а-н... Міне, осындай жазға салымның уайым-қайғысыз бір күнінде мұқыр мүйіз қызыл сиырдың уызын жеп, өзара шүйіркелесіп отырған қоңыр кеште ағаш есік сықырлай ашылып.

Али: - Есенсіздер ме, (Окинков дүрс- дүрс басып төрге өтеді.)

Ақсәуле: - Құдай- ау, тағы да Әкімков қой? (қолындағы кесесін төңкеріп, шегініп кетеді.)

Қуаныш: - Ауданыңда не жаңалық? (әкем арадағы үнсіздікті бұзып.)

Али: - Аманшылық, ақсақал... Көк тайынша табылған жоқ па?..

Ақсәуле: - Соны сенен сұрайық деп едік... (шешем шаптыға сөйлеп.)

Али: - Іздейміз, табамыз, жұмыс басты боп көпке дейін келе алмадым. Көрші ауылдағы бір семьяның соғымының еті ұрланыпты, соны іздеп әрең тауып бердік. Сөйтсем, өзі жоқта үйде қалған әйелі күнде асып жей берген соң, күйеуі шөптің астына тығып тастаған екен... әй, қазақтар-ай, қазақтардан бәрі шығады...

Ақсәуле: - Ол оқиғаны мен де естігенмін, етті сен емес иті тауып алған (Ас ішіп көңілі жайланған Окинков).

Али: - Ал, басынан қайта бастайықшы (қағаз-қарындаштарын алып) Аты-жөніңіз, көк тайыншаның түр-түсі... (Әкем жарықтық шыдамды адам еді, бастан аяқ тәпіштеп айтып берді.)

Али: - Дұрыс. Фамилияңыз? (шешеме қарап)

Ақсәуле: - Әй, Әкемков, өз тайыншамызды өзіміз ұрлағандай бізді тергегенің не, осы? Сен келген сайын басымның сақинасы ұстайды. Көк тайынша да, сен де құры, кет өзің жынымды ұстатпай. (Ол үндеместен орнынан тұрып, есікке беттеді, босағада тұрған қалпында сөмкесін ақтарып, әкем жазған өтініш қағазды алып)

Али (шешеме): - Міне, арыздарың, енді өзің жоғалсаң да келмеспін бұл үйге

Ақсәуле: - Әдірәм қал, мені құдайдан басқа ешкім ұрлай алмайды. О, несі-ей!

Абылай: - Осы күннің ертеңінде бастауыш класқа сабақ беретін әпкем Аймен, мектепке барған соң, ұры ұмыт қалдырған қамшыны қолына ұстап алып, әр класқа кіріп шығып оқушылардан сұрапты.

Диана: - Кәне, балалар, мына қамшыны танитындарың бар ма? (бас-басынан сұрап шығады. 3-ші класқа кіргенде мұрнын үнемі жеңімен сүртіп отыратын қара ұл)

Әкежан: - Ой, мұғалима, бұл – папамның қамшысы ғой, былтыр жазда ағам өріп берген.

Абылай: - Жеті ай милиционер іздеген ұры жеті минутта табылды. Мұрнын жеңімен сүрте беретін қара ұлдың папасы бұл үйдің құдасы, сыйлас адамы, сондықтан жабулы қазан жабулы күйінде қалды.

Төртінші сурет.

Абылай: - Жаз шығып, ел-жұрт шөп науқанына кіріскенде, әкем шалғысын шыңдап, пішен орауға шыққан. Мосыға шәугім іліп, шай қойып, дем алып отырған,

тоғай арасынан салт атты адам шығып әкеме келді. (Бұл көк тайыншаның обалына қалған құдасы, асықпай амандасып, шөптің сабағын ауызға салып, тістелеп жеңіл күрсінгендей болды).

Орал: - Құда, сіз маған өкпелеп жүрсіз, білем.

Қуаныш: - Неге өкпелеймін.

Орал: - Жоқ, жасырмаңыз, өкпелеп жүрсіз. Болар іс болды, көк тайыншаңызды мен ұрлаған едім, оны өзіңіз де сездіңіз.

Қуаныш: - Оны кім айтты саған?

Орал: - Екі дүниеде де ризамын Сізге, біле тұра тіс жарып ешкімге айтпадыңыз. Мені мойындатып, аяғыңызға жыққан – дәтіңіздің беріктігі. Басқа біреу болса ғой, қалмақ қайта шапқандай мұқым ауданға жар салар еді. Рақмет сізге, құдайдың құдіреті, бала жастан әдетім – бірдеңе ұрламасам, тыныш ұйықтай алмаймын, жоқ дегенде өзімнің қойымды өзім қорадан ұрлап тауға апарып сойып әкелетінімді қайтерсіз.

Енді осымен бітті. Сіз үнсіздігіңізбен, шыдамдылығыңызбен жеңдіңіз мені. Құда, көк тайыншаның бодауына 10 сиыр берсем де қайтара алмаспын, қайтара алмаспын.. бала-шаға көп... бір үйде өзім ғана бас көтерем.. қайтара алмас та едім. Мынаны шөп шапқанда киерсіз. (алды ашық жеңсіз көйлекті қойнынан суырып алып береді.)

Қуаныш: - Рақмет, құда, бұл да болса жөн білгендігің. (Ол атына мініп, ұзап кетіп қайта оралады.)

Орал: - Байқамай, қонышыма тыға салыппын. Кешіріңіз, әдет қой. (керзі етігінің қонышынан әкемнің қамшысын суырып алып береді.)

Қуаныш. Қайтқан малға береке, ұрлап кетсе қайтер едім. (құдасының соңынан қарап тұрады.)

Қорытынды: Мәдениет министрлігі өткізіп келе жатқан «Бір ел – бір кітап» акциясында көрнекті жазушы Оралхан Бөкейдің «**Қайдасың, қасқа құлыным!**» атты әңгімелер жинағын таңдап алуы да әдебиетке деген қоғамдық қызығушылықтың әрі қарай өсе түсуіне ықпал ету. Ұлттық мәдениет пен өркениеттің бірден-бір қайнар бұлағы – кітапты насихаттау. Оралхан адамның жан дүниесіне үңіле білді, мәселен, ол: «Тау басында екеу тұр. Ол екеуі тек қой бағып тұрған жоқ, ой бағып тұр, ойланып тұр. Өмір туралы, қоғам туралы ойланып тұр,- деп жазды. Адамның жан дүниесін ашуға ұмтылды. Таудан өзен қалай құлап ағатын болса, ол да сондай екпінмен жазды».

Рухани тұралап тұрғанда жаныңа азық болар, өлмейтін сөз қалдырып оқырманын он орап алар Кербұғысы, керіскендей кесек тұлғалы кербезі, ақсұңқардай ақиқат аласұрып кеудеңнен ұшып шығып мыңдардың жүрегін толқытты, жалғандық етек алғанда шынайы өмір туралы шығармаларды оқып тұщынасың. Оралхан әңгімелерінің танымдық ерекшелігі бір төбе, бала ұғымына лайық, астарлы ойымен қызығушылығын арттыра түседі. Тәлімі мен ұлттық құндылығы бірімен-бірі астасып, әрбір кейіпкердің іс-әрекетінен жарқырап асқақтай түсер тәрбиелік мәні де ерекше айқындала түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1) Оралхан Бөкей. Таңдамалы шығармалар, 2-том. А., ҚАЗАқпарат, 6-14-бет, 2003; 2) «Аңыз адам». №15 тамыз, 2013; 3) Дидахмет Әшімханұлы. «Мен журналистпін, одан соң ғана жазушымын» естелігінен. «Аңыз адам», №15, 29-бет; 4) Айгүл Кемелбаева. «Оралхан Бөкей әңгіме жанрында». «Ертіс өңірі» газеті, 18 қыркүйек, 2003.

Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА,
Абылай хан атындағы
ҚазХҚжәне ӘТУ профессоры, п.ғ.д.

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми педагогиканың сонау ілкі бастауында пайда болған қазақ халық педагогикасы өткендегі педагогикалық мәдениетті қазіргі заманмен байланыстыра, сабақтастырып, адамзат баласы тәрбиесі мен ғалымдар шығармашылығын сапаландырып отыр.

Оның ертеден өзіне тән ерекшеліктері болған. Бұл ерекшеліктерді халық педагогикасы туындыларының мазмұнына талдау бере отырып көрсетуге болады. Халық педагогикасы сонау көне заманнан халықпен бірге жасасып келетіндіктен, ол ғылыми педагогикалық ойлардың да негізін салушы болып табылады.

Халық педагогикасының өзіне тән ерекшеліктері, өзіндік белгілері халық педагогикасы туындыларының мазмұнында бейнеленген. Көне замандарда-ақ халық шығармашылығының белгілі үлгілерін дүниеге келтірген білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған, мұны халық фольклорының бастау көздері айғақтайды. Өз көзқарастары мен әрекеттерінде олар халық тәрбиесі туралы белгілі бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған. Өздерінің педагогикалық ой-пікірлері мен

нақты іс-әрекеттерін олар да, сондай-ақ олардың замандастары мен ізбасарлары да жазбаша қалдырмаған. Соған қарамастан, олардың педагогикалық мұрасы бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп, үздіксіз дамып, халық педагогикасы қазынасына қосылып отырған.

Тарихтан Қазан төңкерісіне дейінгі материалдық және рухани мәдениеттің жағдайы мен білімнің түрлі салаларында басылым көрген ғалымдардың зерттеу еңбектерінің мазмұны, қазақ халқының өзіне тән көркемдік шығармашылығы болған, оның негізін бағзы замандардағы ізашарлар салған деп пайымдауға мүмкіндік береді. Ежелгі түркі тайпалары фольклорының үлгілері де, бұрынғы қазақтардың түркіше жазба ескерткіштері мен басқа да деректері осындай қорытындыға келуге негіз болады. Мәселен, кесенелер, әсем безендірілген құлпытастар, қойтастар, көктастар, жартастағы бейнелер, халық қолөнер кәсіпшілігінің өнімдері, ауызекі шығармашылығы, қолөнер түрлері мен музыка өнері бұқара халықтың өзін-өзі шығармашылықпен бейнелеуінен, көркемдік мәдениеттегі белсенділігінен көрініс береді.

Зерттеушілердің айтуына қарағанда, Қазақстанда бүгінгі күнде ата-бабадан жеткен 25 мыңға тарта мәдени ескерткіштер бар. Олар негізінен Сыр бойына, Отырар алқабына, Маңғыстау мен Үстіртке, Ұлытау төңірегіне, Талас – Шу аңғарына, Жетісу мен Ертіс сыртына шоғырланған. Көкше өңіріндегі бұдан бес мың жыл бұрынғы қоныстың орны Ботай, Іленің оң жақ қанатындағы Бесшатыр қорғандары (IV– VII ғғ.), Қаракөңірдегі Домбауыл ғибадатханасы (VIII ғ.),

Маңғыстаудағы Шақпақ Ата мешіті (X ғғ.), ежелгі Таразға іргелес Бабаша қатын, Айша Бибі күмбездері (X–XII ғғ.), көне Түркістандағы «Әзірет-сұлтан» қорығындағы (XII–XVII ғғ.) ғимараттар, Жошы хан кесенелері (XIII–XV ғғ.), Ақ-үйік, Омар мен Түр, Сенек зираттары (XIX ғ.), Ұлытаудағы Мақат сағанасы (1923 ж.), Қапаш мешіті (1928 ж.) халықтың ұлттық мақтанышы, оның ғасырлар бойы қалыптасқан сәулет мәдениетінің жетістіктері болып табылады.

Демек, мұның бәрі қазақ халық педагогикасы мәдениетінің негізінде жатыр. Халықтың өмірлік тәжірибесі, сезімі мен ой-пікірлері бір ұрпақтан екіншісіне сөз, ана тілі арқылы беріліп отырды. Халықтың тілі сан ұрпақтың шығармашылық қабілетінің туындысы бола отырып, дамып, жетіліп, халықтың ауызекі шығармасынан өз көрінісін тапты. Өмірден адам өткенімен, «ол жасаған сөз халық тілінің мәңгілік сарқылмас қазынасы болып қалды, сол себептен тілдегі әрбір сөз, оның әрбір түрі, әрбір айтылуы адамның ойы мен сезімінің нәтижесі, сол арқылы сөзде елдің жаратылысы мен халықтың тарихы бейнеленген» [1].

Қазақ халқының өткен өмірінде жазбаша тарихи нұсқалар аз кездеседі, сондықтан тарихи оқиғалардың ең елеулі белгілері туралы санада сақталып қалған халықтың ауызекі шығармашылығы ерекше маңызға ие болады.

Өз тіршілігінің сан ғасырлық тарихында қазақ халқы тәрбиенің өзіне тән тәжірибесін, жеткіншек ұрпаққа тәрбие берудің өзіндік әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін

де жинақтады. Оларда халықтың арман-тілегі, шығармашылық көзқарасы, болашаққа сенімі, ереже-қағидалары мен мінез-құлық нормалары, принциптері топтастырылған. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, тарихи-географиялық жағдайларына, халықтың көшпелі өмір салтының өзіндік ерекшелігіне сәйкес жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуге қатысты бірқатар талаптар қалыптасты.

Тарихи, этнографиялық деректер мен халықтың ауызекі шығармашылығын және осы проблема саласында орындалған педагогикалық еңбектерді зерттеу, дәстүрлі тәрбие түрлерімен танысу, қазақ халқы тәрбие үдерісінде балалардың жас және дара ерекшеліктерін ескерген, адамгершілік-моральдық қасиеттерін дамытуға, ұлттық мәдениет пен ана тіліне, туған жерге аялы көзқарасын қалыптастыруға, еңбек, музыка, қолөнер түрлеріне ерте жастан баулуға аса көңіл бөліп отырған деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ жерінің орасан зор көлеміне, рулық, тайпалық бөлінулерге, сондай-ақ бауырлас халықтардың ықпалына қарамастан, түрлі аймақтардағы педагогикалық көзқарастардағы айырмашылық шамалы. Мұның өзі халық педагогикасында жас ұрпаққа тәрбие берудің біртұтас жүйесі эмпиризмдік жолмен қалыптасқан деп есептеуге негіз болады.

Халық педагогикасының ең бір әрекетті белгісі, ол жас ұрпақ тәрбиесі мен білімін өмірмен, практикамен байланыстырды, жастарын ескере отырып еңбек түрлеріне, шаруашылыққа араластырды. Ұл бала мал

жайып, шөп шапты, қыздар үй шаруашылығымен айналысты. Балалар үлкендерге көмектесіп, олардың өнегелі істерін, шеберлік дағдыларын қабылдай отырып, үнемі табиғат аясында жүрді, оның әсемдігінен ләззат алды. Күннің шығуы мен батуын бақылап, құстардың көңілді әнін, шегірткенің шырылын, малшылардың өткен-кеткен әңгімелерін, аңыз-ертегілерін естіп өсті. Еңбек пен демалыс үдерісінде табиғатпен жақындаса отырып, балалар мен жастар біртіндеп оның ғажайып көрінісін қабылдай білуге үйренді. Қоршаған ортаның әсерін сезіне білу балалардың өмірлік тәжірибесін байытып, көркемдік-эстетикалық талғамын дамытты. Туған жерге ыстық ықыласын оятты, еңбексүйгіштікке, адамгершілік рухқа тәрбиеледі.

Балаларды қолөнер еңбегінің алуан түрлі бұйымдарын жасауға тарту, оларды меңгертуде балалардың жас ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін ескеру, ой-өрісінің, шеберлігі мен дағдысының қалыптасуына талапты күшейту қазақ халық педагогикасының жеткіншектерге еңбек тәрбиесінің негізін берудегі басты міндетіне айналды. Балаларды ата-аналар өз халқының игілігі үшін еңбек етуге, еңбекке құрметпен қарауға, еңбек үдерісінде сүйсінушілік сезіміне бөлене білуге үйретті. Еңбекке балаларды бұлай бағдарлау олардың адамгершілік қасиеттерін, көркемдік-эстетикалық талғамын, көзқарастарын дамытты, өзінің қабілетіне сенімін арттырды, халықтың мәдени мұрасына қамқор көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесті.

Халық балалардың күнделікті тәрбиесінде педагогикалық ықпал етудің (моральдық қолдау, өзіне

сенімін нығайту, сенім арту, жауапты тапсырмаларды орындату, наразылық білдіру және т.б.) толып жатқан тәсілдерін жиі қолданды. Бұл балалардың ерте есеюіне, ел өміріне батыл араласуына септігін тигізді. Мысалы, 4 жасында өзінің ерен зеректігімен, ойлылығымен елді қайран қалдырған Шорман халықтың сенім артуымен 13 жасында Баянауыл округінің биі атанған [2]. Ол бала да болса, дана бола білген. Табиғатынан мейірбан, тапқыр, өткір тілді, ақылды, әділ, елге қайырымды болған. Оның игі істері, көрсеткен үлгі-өнегесі өзі басқарған елге көп тәрбие берді, ел ішінде өнер-білімге құштарлық оянды. Халық арасынан ірі ғалымдар, сөз зергерлері, атакты өнерпаздар, әнші-күйшілер шықты. Бұған Шорманның да ықпалы болғаны сөзсіз.

Ол халыққа сөз қадірін білетін шешен, мәдениеті мен адамгершілік қасиеттері жоғары, халық игілігі үшін аянбай еңбек еткен, әділдікті мұрат тұтқан азамат ретінде тарихта қалды.

Педагогикалық ықпал етудің тұспалдап айту тәсілінің де бала тәрбиесіне берері мол болды. Онда алмастай өткір сөздер, нәзік юмор көп. Тұспал сөздер үлкенге де, балаларға да айтылған және бейнелі, дерексіз ойдың дамуына жәрдемдескен. Үлкендер ақындар сайысында, той-думан, спорттық жарыс, ойын барысында, еркін қарым-қатынас кезінде неғұрлым астарлы сөзді (әдетте, әзіл-қалжың ретінде) жиі пайдаланған. «Ымды түсінбеген, дымды түсінбейді», «Таяқ–еттен, сөз сүйектен өтеді» деген халық мақалдары соны аңғартады.

Үлкендердің, ата-аналардың үлгі-өнегесі – балаларға ғибрат. Сондықтан да жастар бастапқыда барлық сән-

салтанатты сауық-сайрандардың үнсіз куәгерлері бола отырып, көріп-біліп, баға беріп, есте сақтап, өздері үйренген тұспал сөздерді құрбы-құрдастарының арасында пайдалануға алғашқы қадамдар жасап, зеректікке, тапқырлыққа жаттықса, одан кейін дербес шығармашылыққа ұмтылды. Балалар мен жастарды қоғамдық ойын-сауықтарға белсенді қатысуға, шешендік өнердің, бейнелі сөздік қордың қарапайым дағдыларын меңгертуге тарту механизмі шамамен осындай. Мысалы, үй иелері ән айтып, күй тартып, билеп, өз өнерін қонақтарға бірінші болып көрсету дәстүрі күні бүгінге дейін жойылған жоқ. Егер үй иелері мұны ұмытып бара жатса, қонақтардың өздері: «Ауылдың алты ауызы бар ма?» деп, есіне түсіреді. Сондай-ақ, «Тыңдаушы табылса, ән де табылар» деген сөзбен орындаушы ән айтуға дайын екенін, бірақ көңіл қойып тыңдау қажет екенін ишарамен білдіреді. Ал «Әшейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас» деген нақыл көпшілік орында қысылып-қымтырылғандарға тағылған кінәдай естілетін. Бір жақсы қасиет – ойын-сауықтарда нақты бір адамды ренжітіп алмау үшін, тұспал сөз біреуге қадап айтылмайды. Бұл – сыйластықтың үлгісі [3].

Халық педагогикасы балалардың психологиялық ерекшеліктерін де назардан тыс қалдырмады. «Тәрбие негізі бесіктен», «Сүтпен кірген мінез, сүйекпен бірге кетер», «Адам мінезімен көрікті» дей отырып, олардың мінез-құлықтарының дұрыс қалыптасуын қатты қадағалады.

Әсіресе ортаның тәрбиедегі рөлін жоғары бағалады. «Жақсыдан жаман туса, ем табылмас, жаманнан жақсы туса, тең табылмас», «Жақсыдан жаман туса – азап, жаманнан жақсы туса – ғажап», «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» деп үйлесімді тұқым қуалаушылықтың болмайтынын түсіндірді.

Қыз бала мен ер бала тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктері де халық назарынан таса қалмаған. Қыз баланы «болашақ ана» деп мәпелеп, бетінен қақпай, еркін өсірген, мейірімділікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеген. Ер баланы әулеттің жалғасы, шаңырақ иесі деп қабылдаған. Ой-өрісінің, ақыл-парасатының, адамгершілік-моральдық қасиеттерінің, патриоттық сана-сезімінің жетілуіне мән берген.

Халық бала өмірінің әрбір белестеріндегі өзгерістер мен жетістіктерді (дүниеге келуі, қырқынан шығару, бесікке салу, тұсау кесу және т.б.) ортақтаса қуаныштай білген. Бұл қазақтардың балаға деген сүйіспеншілігінің, балажандылығының белгісі екені хақ.

Балаларға тәрбие беруде қазақтарда ғасырлар бойы қалыптасқан отбасыншілік қатынастарының елеулі маңызы болды. Отбасындағы туыстық байланыстың беріктігін, туыстар арасындағы жарасымды мәдени-сыйластық қатынасты көріп өскен балалар имандылық, мейірімділік, кішіпейілдік, бауырмалдық дағдысын меңгерді, жасы үлкендерге құрметпен қатынас жасауға, туыстық сезімді қадірлей білуге үйренді.

Отбасыншілік қатынастардың өзіне тән ерекшелігі ауылдың айтулы оқиғаларына туыстас отбасылардың

бірге қатысуына жағдай туғызды. Көбіне ауылға атақты күйші, жыршы, әншінің немесе өзінің талантымен, жақсы істерімен аты шыққан адамның келуі барлық туыстас отбасылардың балалары мен жастарының қонақ күткен үйге жиналуына себепші болды. Туыстық байланыстардың беріктігі арқасында бір адамның қабілеті мен таланты отбасыларының ортақ игілігіне айналды. Олар бұл игілікті өзінен кейінгі ұрпақтың бойына сіңірді [3].

Халық педагогикасында халықтың педагогикалық мәдениетінің басқа да тамаша үлгілері, мәселен, «үлкенге ізет, кішіге құрмет» сияқты сыйластық көзқарас, ұлтжандылық, қонақжайлылық, сыпайылық, адалдық, еңбексүйгіштік, әділеттілік көрініс алды. Аталған ерекшеліктің бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіне берері мол, тек оларды заманауи талаптарға сәйкестендіре отырып, тиімді пайдаланған жөн.

Халық педагогикасының шығармашылық негіздерінің ұжымдық сипатта болуы да оның өзіне тән ерекшелігін көрсетеді. Бұл туралы ғалымдар көптеген пікірлер айтады. Олардың бірі ауызекі шығармашылықты бүкіл халық бірлесе жасап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізді десе, екіншісі халық поэзиясының авторы халық деп түсіндіреді. Енді бірі халық шығармашылығының ұжымдық сипатында шынайы халықтық қасиет көрініс алады, сондықтан фольклордың бүкіл байлығы бір адамның ғана ойы емес, бүкіл халықтың ұжымдық шығармашылығы деп ой түйіндейді. Пікірлердің бәрі орынды. Өйткені шығармаларда халықтың көп ғасырлық рухани өмірі

көрініс алады. Шығармаларды жасаған адамдардың есімдері белгісіз болғандықтан, олардың авторлары халық болып табылады. Халық өзінің біреуден естіп, ұнатқандарын өңдеп, толықтырып, келесі ұрпаққа жеткізіп отырды.

Халық педагогикасына тән кейбір ерекшеліктер, міне, осындай. Айтылғанның бәрі халық шығармашылығының нақты шығармаларында, тәрбиенің бағыттарында көрініс алады және халықтың педагогикалық мәдениетінің негізін құрайды.

Қазақ халық педагогикасының тәрбиедегі өзіне тән ерекшеліктерінің осы мақала авторының жақында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің ұсынуымен (22 сәуір, 2013 №146) «Глобус» баспасынан басылым көрген «Қазақ халық педагогикасы» атты оқу құралынан оқып білуге болады. (эл. почта globusbaspa@mail.ru).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ушинский К.Д. Родное слово. Собр.соч., т.2. М., 1982. С.42.
2. Асфандияров М. Бала би. //Қазақ әдебиеті, 1991, 4 қазан, 9-б.
3. Тамыры терең тәрбие. Алматы: 1995. 37-39-б.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые особенности казахской народной педагогики в воспитании детей и молодежи.

Annotation

This article discusses some of the features of Kazakh folk pedagogy in the education of children and youth.

Гүлмира ҮСПЖАНҚЫЗЫ,
арнайы санаториялық үлгідегі
№15 мектеп-интернатының тәрбиешісі.

Алматы облысы,
Қарасай ауданы.

ҚЫЗДАР – БІЗДІҢ ГҮЛІМІЗ

Тәрбие сағатының мақсаты: 1) қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері: имандылық, инабаттылық, ізеттілік, ісерлік негізінде тәрбиелеу; 2) әр қыз баланы парасатты, жан-жақты білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін түсінуге тәрбиелеу; 3) табиғат сыйлаған қасиеттерінің ашылуына көмектесу.

Тәрбиеші: - Құрметті ұстаздар, оқушылар! Сіздерді көктемнің ең алғашқы мерекесі – 8-наурыз халықаралық әйелдер мейрамымен құттықтаймыз! Қазақ қызы десе ашық, бірақ жүзінде ұяңдық бар, әдепті, инабатты жан елестейді. Бүгінде сол әдепті де әдемі, инабатты да мейірімді қыздарымыз сынға түскелі тұр.

«Қыздар – біздің гүліміз» байқауына қош келді-ңіздер!

Кеуделерде жас көктем жайраң күліп,

Келді көктем көрген көзді қайран қылып.

Құйып кетті көшеге нұр шуағы,

Қызыл гүлге қыздарды айналдырып.

Сайысты бастамас бұрын қазылар алқасымен танысайық:

1. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:
Жанақынова Алма Байжұмақызы.

2. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Есенбекова Айкен Иманәліқызы.

1-жүргізуші: - Құрметті жиналған қауым, бүгінгі 3 «б» сыны-бының «Қыздар – біздің гүліміз» атты байқауымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Сіздердің көңілдеріңізді көтеріп, мерекелік көңіл-күй сыйлаймыз деген ойдамыз.

2-жүргізуші:

- Уа, халайық, халайық,

Мұнда назар салайық,

Қорқып босқа саспайық,

Рұқсат болса – бастайық!

Мың бұралған арулар аңдап басып,

Келеді олар ортаға толқып тасып.

Гүл қыздарды сыйлаған халқым менің,

Қошеметпен көңілді қарсы алайық.

Жаксы өнерін ардақтап жар салайық!

Қыздарды ортаға шақырайық (Музыка ойналады.
Алтайдың ар жағынан келген Ару).

1-жүргізуші:

- Бойжеткен қыздар жетті танытуға,

Бойындағы дарынын дарытуға.

Қорықпастан ортаға келді, міне,

Әдеппен, ізетпенен танысуға.

Тәрбиеші: - **Байқаудың 1-кезеңі.** Ал, енді, сайысымызды бастайық.

«Мен қазақтың қызымын». Таныстыру бөлімі қазылардан арулардың бағасын күтеміз.

Бәйшешек гүл тобы таныстырады.

1. Өзін-өзі таныстыру.

Армысыздар, ұстаздар,

Бұл сайыста сыналар бағым менің,

Сына қоймас, сірә, одан сағым менің.

Өздеріңнен тұтанған мен бір жалын,

Танытатын шабыттың арғымағын.

Сұрасаңыз, Болатжан – менің атым,

Қырдың гүлін жинаған қызғалдақтай,
Зерттейді шын сырымды құрбым жатпай.
Ұлы жүздің ішінде Жалайырмын,
Бәйге бермес байқауда боз айғырмын.
Барша жұрттың алдында тізе бүгіп,
Тұрмын қазір ортаңа күле кіріп.
Баршаңызға беремін сәлемімді,
Қызықтаңыз өнерлі әлемімді.

Раушан гүл тобы таныстырады.

Армысың, өнер сүйген халқым менің,
Алдымен амандасу – салтым менің.
Мен кәдімгі Мұхтардың гүл қызымын,
Жарасымды өмірдің қырмызымын.
Ұлы жүздің ішінде дулатымын,
Демейді ешкім тірліктің құр затымын.
Бір қызыңмын жарқырар Амина атты,
Жырлап өтер ғажайып табиғатты!
Арқа сүйеп қазақы салт-аңызға,
Келдік, міне, бүгін біз ортаңызға.
Үлкендерден білікті үлгі аламыз,
Өзімізше еліктеп қарт абызға!
Бар өнерді саламыз аямастан,
Күллі әлемге жыр етіп жаяды аспан!

2-жүргізуші: - Байқаудың 2-кезеңі – «Зерделінің ойы озық» (Лездік сұрақтарға жауап беру) деп аталады. Онда әр қызға 10 сұрақтан қойылады. 1 минут ішінде 10 сұраққа жауап беруі тиіс.

Бір дұрыс жауап бір ұпаймен бағаланады.

1-топқа:

1. Абай Құнанбайұлының анасы (Ұлжан).
2. Білім, оқу, жазуды үйретуші адам (ұстаз).
3. «Фариза, Фаризажан Фариза қыз» – кімнің өлеңі (Мұқағали).

4. Ананың анасы сізге кім болады? (нағашы әже).
5. Әйгілі биші анамыз (Ш.Жиенқұлова).
6. Абай Құнанбайұлының әжесі (Зере).
7. Еттен жасалатын тағам (Бесбармақ).
8. Қозы Көрпештің серігі (Баян сұлу).
9. Ана туралы бір мақал айтыңыз (Анасының тілін алмаған азапқа қалады).
10. Қазақтың діни мейрамы (Құрбан айт, ораза айт).

2-топқа:

1. Ананың сіңілісі сізге кім болады? (нағашы апа).
2. Ана туралы бір мақал айтыңыз. (Ана – мөлдір бұлақ, бала – жағасындағы құрақ).
3. Әйгілі күйші анамыз (Дина Нұрпейісова).
4. Әнші Мәдина ... (Ералиева).
5. Ақ сүт берген аналардың анасы – (Әже).
6. Сүттен жасалатын тағам – (Көже, айран, ірімшік, қаймақ, май).
7. Ең зор байлық – (Денсаулық).
8. Аққуда не жоқ? (Сүт).
9. Қыздар туралы бір мақал айтыңыз (Қыз – аспандағы жұлдыз, жағадағы құндыз).
10. Мойынға тағатын әшекей бұйым (алқа).

Тәрбиеші:

- Байқауымыз енді қызып келеді. Қысылмаңыздар. Өнерлерің өрге жүзсін!

2-жүргізуші: - 3-кезеңде қыздардың өлең шумақтарына назар аударайық (Мәнерлеп жеткізе білдіру).

Ән: «Мен қазақ, қыздарына қайран қалам».

«Өнері өрге жүзер таңғалмаңыз.

Таланты талмай ұшар озған нағыз!

Әлемі өнерлінің керемет-ау,

